БЕЙСЕНБІ
№94 (4342)
24.08.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЭНЕРГЕТИКА ЖҮЙЕСІН РЕТТЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевты қабылдады.

Аймақ басшысы Президентке Маңғыстау облысының биылғы 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын және алдағы жоспарларын баяндап берді.

Нұрлан Ноғаев Мемлекет басшысына есепті кезең ішінде өңірде жалпы сомасы 5,3 миллиард теңге болатын 6 инвестициялық жоба іске қосылғанын айтты. Жалпы, қаңтар-шілде айларында өңірдің негізгі капиталына бағытталған инвестиция көлемі 523 миллиард теңгені құрады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына ауызсу тапшылығын шешуге қатысты тапсырмасының орындалу барысы туралы мәлімет берілді. Бұл мәселені кезең-кезеңімен шешу үшін облыста 2025 жылға дейін 6 жоба жүзеге асырылады. Нәтижесінде, тұшытылған судың көлемін 146 мың текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік туады.

Сондай-ақ Президентке Ақтау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру және инженерлік инфрақұрылымын қалыпқа келтіру, Маңғыстау атом энергетикалық комбинатына (МАЭК) күрделі жөндеу жүргізу мәселелері жөнінде баяндалды.

МАЭК-ке жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін биыл 9,4 млрд теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде 6,8 млрд теңге МАЭК-тің инвестициялық бағдарламалары аясында, ал 2,6 млрд теңге Маңғыстау облысы әкімдігінің резервінен бөлінді. Бұған қоса, Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет резервінен қажетті қондырғыларды сатып алу үшін 4,9 млрд теңге қаржы қарастырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы облыс әкіміне Маңғыстау өңірі энергетика жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары аясындағы міндеттерді іске асыруды тапсырды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Сенаты Ұлттық қауіпсіздік және Үкімет істері жөніндегі комитетінің төрағасы Гэри Питерсті қабылдады.

Мемлекет басшысы сенаторға ілтипат білдіре отырып, оның сапары екіжақты ынтымақтастық мәселелері бойынша жан-жақты пікір алмасуға жақсы мүмкіндік екенін атап өтті.

– Америка Құрама Штаттары жаһандық қауіпсіздікті нығайту, ядролық қаруды таратпау, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және демократиялық құндылықтарды ілгерілету ісінде әрдайым біздің еліміздің стратегиялық серіктесі саналған. Біз көп нәрсеге қол жеткіздік ойлаймын. Әйтсе де, екі елдің мүддесіне сай келетін салалардағы өзара ынтымақтастығымызды нығайту үшін алға қарай жылжуымыз керек, – деді Президент.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясы алаңында «С5+1» форматында өтетін АҚШ пен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алғашқы саммитіне шақырғаны үшін Президент Джо Байденге ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде сенатор Гэри Питерс Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасқа қатысты негізгі мәселелерді талқылау мүмкіндігі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Орталық Азия – әлемнің маңызды бөлігі, ал Қазақстан – Орталық Азия өңіріндегі негізгі мемлекеттердің бірі. Сондықтан біз алдағы уақытта ынтымақтаса жұмыс істеуге мүмкіндігіміз бар екеніне көз жеткізгіміз келеді. Бұл пікірімді Президент Байден де құптайды деп ойлаймын. Ол Сізбен таяу уақытта Нью-Йоркте кездесуге ниетті. Бұл кездесу біздің қарым-қатынасымызды нығайтуға оң ықпал етеді деп ойлаймын, – деді АҚШ сенаторы.

Кездесу барысында сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

АҚОРДА

Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Сирила Рамафосаның шақыруымен Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін 15-ші БРИКС саммиті аясында Йоханнесбургте өтетін мемлекеттер басшыларының «БРИКС плюс» диалогы отырысына бейнебайланыс арқылы қатысады.

Жиында Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы ретінде сөз сөйлейді.

ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Парламент Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов өткен сейсенбі күні партияның Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды жеке қабылдады.

2 ▸▸

ДЕПУТАТТАР – ӨҢІРЛЕРДЕ

Алматы облысында 11 мектеп пен бір балақшада күрделі жөндеу жүріп жатыр. Оның төртеуі жыл соңына дейін, ал қалғаны келесі жылы пайдалануға беріледі.

Өңірді жұмыс сапарымен аралап жүрген Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжан Талғар ауданының Белбұлақ ауылында күрделі жөндеу жүріп жатқан мектепке барды. Білім мекемесінде 600-ге тарта бала оқып келген. Құрылысы жоспар бойынша келесі жылдың наурыз айында бітуге тиіс. Бірақ мердігерлер осы жылдың соңына дейін аяқтап береміз деп отыр. Оған дейін балалар осы елді мекендегі ескі мектепте оқиды.

– Бұл мектеп 60 жыл бұрын салынған. Сол жылдан бері қарай ешқандай күрделі жөндеу жұмыстары жүрмеген. Күрделі жөндеу уақытында 640 оқушы №32 мектептің ескі ғимаратында оқитын болады, – деді Талғар ауданы әкімінің орынбасары Айбек Бидаев.

Қала іргесіндегі білім ордаларында орын тапшылығы – басты мәселе. Тіпті, үш ауысымда білім беретіндері бар. Бұл мәселе «AMANAT» партиясының назарында. Жол картасында көзделген жоспарларды орындау мақсатымен Мәжіліс депутаты білім беру нысандарын аралап, оқу жылына дайындықтарын тексерді.

– Былтырдан бері өңірлерді аралап келемін. Үш ауысымды мектептердің проблемасы әр облыста бар. Өңірдегі қала іргесіндегі мектептердің мәселесі күн тәртібінде тұр. Әсіресе, Талғар, Еңбекшіқазақ, Іле ауданында мұны жеделдетіп шешу керек. Өйткені саяжайдағы азаматтар балаларын көршілес елді мекендегі мектептерге тасып әлек, – деді Жанарбек Әшімжан.

(Жалғасы 3-бетте)

САЙЛАУАЛДЫ УӘДЕЛЕР МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛАДЫ

Кеше «AMANAT» партиясының Абай облыстық филиалының кезектен тыс VIII конференциясы өтті. Партиялықтар 2021-2022 жылдарда атқарылған жұмысын қорытындылап, алдағы жоспарын бекітті. Жиын барысында партияның қалалық, аудандық филиалдарындағы Саяси кеңестердің жаңа құрамы сайланды. Осы ретте өңірдегі Саяси кеңестер құрамы 55%-ға жаңарып отыр.

Іс-шараға өңірдегі Саяси кеңес мүшелері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңестердің мүшелері, бастауыш партия ұйымдары мен «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері қатысты.

Конференцияда хабарланғандай, өткен екі жылда партияның Сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында Абай облысының аумағында 700 мың шаршы метр тұрғын үй салынған. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға 905 пәтер табысталып, 20 мыңға жуық жұмыс орны және 4 жаңа мектеп ашылған. Сондай-ақ радионуклидтік терапия бөлімшесі бар бірегей Ядролық медицина орталығы қолданысқа берілді.

(Жалғасы 3-бетте)

МАЛ ҰРЛЫҒЫ МАЗАНЫ ҚАШЫРДЫ

Соңғы жылдары Сыр өңірінде мал ұрлығы өршіп тұр. Әсіресе, ірі қара малына қырғидай тиген ұрылардың әрекетіне тосқауыл қойылар емес. Малшылар қауымы осылай деп дабыл қақты.



Мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлердің айтуынша, мұндай жағдай жыл сайын қайталанып келеді. Қанша мәрте полицияға арызданса да, жергілікті әкімдікке мәселесін жеткізсе де, нәтиже болмай тұрғанын алға тартады. Есесіне, жыл өткен сайын жағдай ушығып бара жатқаны байқалады. Арыздарына тиісті жауап ала алмай жүргендеріне де ашынады.

Жалпы, мал ұрлығы ең көп тіркелетін аймақтарда Қызылорда облысының көрсеткіші басым. Әсіресе, облысқа қарасты аудандардағы ахуалды ауыздықтау мүмкін болар емес. Ең өкініштісі, малды атып алып, тиеп келетіндерге қатаң шара қолданылмай отыр. Шырылдаған шаруалар жергілікті құзырлы орындардың дәрменсіздігіне ашынады.

(Жалғасы 7-бетте)

«ТАЛДАУ МЕКТЕБІНІҢ» САРАПШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев «Талдау мектебі» жобасына қатысушылармен және Жас сарапшылар клубының мүшелерімен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысының елімізді жаңғырту бағдарын іске асыру жөніндегі идеялар мен бастамалар талқыланды.

Қазір жас сарапшылар Сенаттың қолдауымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ұсыныстар мен талдамалық материалдар дайындап жатыр.

Сенат еліміздің заңнамасын жетілдіруге қатысты ұсыныстар даярлауға сарапшыларды жүйелі түрде жұмылдырып келеді.

Мұндай қадам заңдардың сапасын арттыруға ықпал ететіні анық. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев бірнеше рет атап өткен болатын.

СУ МӘСЕЛЕСІНДЕ ЕШҚАНДАЙ ПРОБЛЕМА ЖОҚ

Қырғыз Республикасының Су ресурстары қызметінің басшысы Алмазбек Сокеев Қазақстанға суармалы су беруді тоқтатуға қатысты сұрақтарға жауап берді.

Ол 17-19 шілдеде Қазақстанда Шу және Талас өзендері бассейндерінде су бөлу туралы хаттамаға қол қойылғанын атап өтті. Оның айтуынша, су беру секундына 45 текше метрге дейін ұлғайтылған.

«Қырғыз тарапы мұндай суды беру кезінде лимит тамыз айының басында таусылатынын хабарлады. Қазақстан тарапы шарттарды қабылдады. 5 тамыздан бастап осы хаттамалық шешімге сәйкес Қазақстанға су берілмейді. Бұл – екі тараптың да шешімі.

Кеше қазақстандық әріптестеріммен телефон арқылы сөйлестім. Ешқандай проблема жоқ екенін олар тағы да растады. Бұл олардың өтініші еді. Олардың біздің елге ешқандай талабы жоқ. Қырғыз елі суды кесіп тастады деп тараған ақпарат шындыққа сәйкес келмейді. Су болмаса, тосқауыл қоятын ештеңе жоқ», – деп жазды ол.

Айта кетейік, Жамбыл облысына Қырғыз Республикасынан жеткізілім тамыз айының басында тоқтатылды. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, халық түгелдей егістік алқаптарда тұрады, сондықтан оларды апат күтіп тұр.

Өткен аптада Қазақстанның Экология министрі Зүлфия Сүлейменова Киров және Орта-Токой су қоймаларындағы судың іс жүзінде таусылғанын мәлімдеді. Сүлейменова атап өткендей, «мәселе судың біз үшін тоқтатылғанында емес, мәселе судың оларда да (Қырғызстанда) жоқтығында» болып отыр.

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

Елордада жолаушылардың 40 пайызы автобуста жолақы төлемейді. Бұл жайында Астана қаласы мәслихаты тұрақты комиссиясының отырысында айтылды.

Мәслихат депутаты Владислав Сергеев қоғамдық көлікпен жиі жүретінін және жолаушылардың біразы жол ақысын төлемейтінін байқағанын айтты.

Өз кезегінде Астана қаласы Көлік және жолкөлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Бауыржан Тайбергенов бұл мәселе автобустарда ақы төлеу жүйесін ауыстыру кезінде шешімін табатынын жеткізді.

«Жол ақысын төлемейтіндер мәселесіне тоқталсақ, бұған QR-код арқылы есептесу жүйесі әсер етіп отыр. Жолаушылардың кейбірі контролер жақындаған кезде ғана жол ақысын төлеуге кіріседі. Жаңа жүйе банк картасы сияқты болады, яғни QR-код жүйесінен бас тартамыз. Азаматтар тек банк картасын пайдаланып, ақыны тек автобустың кіреберісінде төлейді. Егер QR-төлемінен бас тартсақ, банктік жүйе іске қосылса, онда жол ақысын төлемейтіндер шамамен екі есе немесе үш есеге дейін азаюы мүмкін», – деді Б. Тайбергенов.

ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Парламент Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов өткен сейсенбі күні партияның Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды жеке қабылдады.

Еліміздің әр өңірінің тұрғындары инфрақұрылымды дамытуға, таза ауызсумен қамтамасыз етуге, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдауға қатысты және басқа да мәселелермен «AMANAT» партиясына жүгінді.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облысындағы Алтай қаласының 40 мың тұрғыны атынан хабарласқан бір топ азамат Осинов асуын айналып өтетін жаңа жол салу мәселесін көтерді. Онда жыл сайын мыңдаған турист келеді.

«Алтай және шекара маңындағы Катонқарағай аудандарының тұрғындары үшін бұл жолдың маңызы зор. Мұндағы құрылыс 2018 жылы басталған еді, бірақ кейін толығымен тоқтап қалды. Мемлекеттік орман қорынан жер телімдерін беру жұмыстары кешіктірілуіне байланысты жолды жөндеуге қажет материалдар қымбаттап кетті. Сізден жолды жөндеу жұмыстарын тездетуге көмек көрсетуіңізді сұраймыз», – делінген азаматтардың ұжымдық үндеуінде.

Ерлан Қошанов партия филиалына Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесе отырып, жол құрылысына қажетті барлық жер телімін беру мәселесін тез арада шешуді тапсырды. Сондай-ақ қажетті қаражатты бөлуді жеделдету керек екенін айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шекара маңындағы өңірлерді дамытуға ерекше назар аударып, ішкі туризмді дамытуға барлық жағдай жасауды тапсырды. Бұл орайда аталған мәселелер осы жолды жөндеуге тікелей қатысты болып отыр. Мұндағы жұмыс басталып та кеткен. Сондықтан бұл мәселені қысқа мерзімде шешу керек», – деді партия Төрағасы.

Ал Ақтау қаласының тұрғыны Айсұлу Құрманғазиева мен күйеуі Жалғас Куватов кәсіпкерлікпен айналысып, сауда павильонын ашуды жоспарлап отыр. Екеуі де екінші топтағы мүгедек.

«Бізге жұмысымызды бастау үшін рұқсат алуға жәрдемдесуіңізді және материалдық тұрғыда көмек көрсетуіңізді сұраймыз», – деді Айсұлу Құрманғазиева.

Ерлан Қошанов партияның өңірлік филиалына өтініш берушілерге барынша көмек көрсетуді тапсырды. Ол ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жан-жақты қолдау «AMANAT» партиясының басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

Ақмола облысы Шортанды кентінің 8 мыңнан астам тұрғыны ауызсу тапшылығын сезініп отыр. Мәселенің шешімін іздеген Серікбол Мерей партия Төрағасымен кездесуге келді. «Қолданыстағы жеті ұңғыманың тек төртеуі ғана жұмыс істеп тұр, қалғандарында су қоры таусылған. Әсіресе, жаз мезгілінде егістіктерді суаруға және техникалық қажеттіліктерге көп мөлшерде пайдаланылғандықтан, су тапшылығы айтарлықтай сезіледі», – деді ол.

Ерлан Қошанов бұл мәселені шешу үшін қазір топтық су құбырын тарту жобасы әзірленгенін айтты. Жұмыс көлемі мен оны орындаушылар белгілі болды. «AMANAT» партиясының Мәжілістегі фракциясы су құбыры желілерін қайта жөндеуге республикалық бюджеттен жақын арада тиісті қаражат бөлуді өз бақылауына алады.

Ал елорда тұрғыны, 11 баланың анасы Нұргүл Қадырбаева екі ұлы Арман мен Анас футболдан Қазақстан мен ТМД елдерінде өткен чемпионаттарда жоғары шеберлік көрсеткенін атап өтті. Сөйтіп, олар Португалиядағы Bsports жастар клубына өнер көрсетуге шақырту алған. Бірақ қаржылық жағдайдың қиындығына байланысты бара ала алмай отыр.

«AMANAT» партиясының Төрағасы Батыр анаға жас футболшылар үшін қажетті көмек көрсетілетінін айтты. Бұл мәселеге елорда әкімдігі мен Мәдениет және спорт министрлігі де атсалысатын болады.

Ерлан Қошанов барлық қаралған өтініш бойынша партия филиалдарына нақты тапсырмалар беріп, олардың шешілуін жеке бақылауына алды.

ҚАЛА СЫРТЫНДАҒЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Елімізде қала сыртындағы жолдарда жылдамдықты асырған автокөліктерді тіркейтін аппараттық жүйе жұмыс істейтін болады.

Polisia.kz ақпараттық медиа-порталының мәліметінше, ІІМ қала сыртындағы жолдарда белгіленген жылдамдық режимін асырған автокөліктерді тіркейтін аппараттық жүйені Автомобиль жолдары комитетімен және «ҚазАвтоЖол» компаниясымен бірлесіп іске қосып отыр. Бұл жүйені іске қосудағы мақсат – жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша бақылауды күшейту.

«33 ZEREK-2 бағдарламалық-аппараттық кешені әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі жүйесімен интеграцияланған, яғни нұсқамаларды құқық бұзушыларға жіберу автоматты режимде жүзеге асырылатын болады», – дейді ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова.

Оның сөзінше, бүгінде ZEREK-2 мынадай автожолдарда жұмыс істеуге дайын: Шымкент – Қызылорда; Шымкент – Өзбекстан шекарасы; Шымкент – Тараз; Тараз – Қайнар; Қонаев – Талдықорған; Астана – Павлодар.

«Осындай бағдарламалық кешен Көкшетау – Астана тасжолында бұрын іске қосылған болатын және жолдағы құқықбұзушылықтарды тіркеуде жақсы нәтижелер көрсетіп жатыр. Жоғарыда аталған жолдарда 25 тамыз сағат 00:00-ден бастап ZEREK-2 кешені штаттық режимде жұмыс істейтін болады. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық жүргізушіден жылдамдық режимін және автокөліктер арасындағы қашықтықты сақтауды сұраймыз», – дейді Ақтоты Боранова.

ІІМ дерегінше, жеті айда еліміздің жолдарында 7 мыңға жуық жол-көлік оқиғасы тіркелген, салдарынан 1 200-ден астам адам қаза тауып, 8 500-ге жуық адам түрлі дәрежеде жарақат алған. Жол-көлік оқиғасының ішінде 730 жол-көлік оқиғасы қала сыртындағы трассаларда жылдамдық режимін сақтамаудан болған. Салдарынан 300-ден астам адам қаза тауып, 1 200-ден астам адам зардап шеккен.

САЙЛАУАЛДЫ УӘДЕЛЕР МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек аманаттықтардың алдында тұрған басты міндет демократиялық қағидаттарға негізделген Әділетті Қазақстанды құру екенін атап өтті.

«Біз – қоғамның заманауи және өзекті сұрауларына құрметпен қарап, оларға құлақ асатын партиямыз. Заман талабына сай жаңа бастамаларды қолдау арқылы күшейе береміз. Сондықтан өткен сайлауда халыққа берген уәделеріміздің орындалуын қадағалау – біз үшін өте маңызды әрі партияның бұлжымас парызы. «AMANAT» партиясының басты мақсаты – халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, әділетті қоғам құруға күш салып, азаматтардың құқығын қорғау және өмір сапасының ұлттық стандартын қалыптастыру», – деді ол.

Сөз соңында Дәулет Кәрібек «AMANAT» партиясы Абай облыстық филиалының атқарушы хатшысы Сейілбек Ысқақовты таныстырды. Сондай-ақ конференция шешімімен партияның аудандық және облыстық филиалдарындағы Саяси кеңестердің жаңа құрамы бекітілді. Осылайша, партияның өңірдегі 1 қалалық және 9 аудандық филиалдарындағы Саяси кеңестердің құрамына барлығы 132 адам кірді. Айта кетейік, биыл бұл құрамның тең жартысынан астамы, яғни 55%-ы қайта жаңарды. Оның ішінде, жастар 27%-ды, әйелдер 42%-ды құрады.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы Қуаныш Сүлейменов партиялық жобалардың жүзеге асырылу барысына тоқталды.

«Жер аманаты» комиссиясының жұмысы жалғасып жатыр. Биыл біз 250 мың гектар жерді мемлекет меншігіне қайтаруды жоспарлап отырмыз. Бүгінде оның 112 мың гектары қайтарылды. Ал «Кедергісіз келешек» жобасы аясында жоғары оқу орындарының ерекше қажеттілігі бар 8 түлегі жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар партиялық бақылау да белсенді жұмыс істеуде. Мәселен, 30 наурыз бен 1 тамыз аралығында азық-түлік және халық кең тұтынатын тауарлар бағасына мониторинг жасалып, 700-ге жуық рейд жүргізілді. Анықталған заңбұзушылық фактілері тиісті мемлекеттік органдарға жедел хабарланып отырды», – деді ол.

Бұдан соң Дәулет Кәрібек өңірдің белсенді жастарымен жүздесіп, партияның жастар саясатын жетілдіру, студенттерді жатақханамен қамту және жастарға арналған жұмыс орындарын құру бағытындағы басымдықтарға назар аударды.

«Оң өзгерістер қоғамның негізгі қозғаушы күші саналатын жастар қауымына да қатысты болуы тиіс. Биыл «AMANAT» партиясы мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 100 мың жасты жұмысқа орналастыруды көздейтін бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойды. Жыл басынан бері Қазақстанда 120-дан астам бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтіп, оған 90 мыңнан астам адам қатысты. Оның ішінде 18,6 мың жас жұмысқа орналасуға жолдама алды. Еліміздегі 3 мыңнан астам ірі және шағын кәсіпорынмен жастарды жұмысқа орналастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді», – деді Атқарушы хатшы.

Өнір ақсақалдарымен және шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесуде партиялықтар тарихи мұраны сақтау, мемлекеттік тілді қолдау, жаңа заман әдебиетін дамыту және тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру шараларын талқылады.

Осы күні Атқарушы хатшы Жарма ауданы Қалбатау ауылында «AMANAT»-тың сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан үш қабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмысымен танысты. 30 пәтерге негізделген көпқабатты тұрғын үй кілті баспана кезегінде тұрған отандастарымызға биыл қазанда табысталады. Дәулет Кәрібек пәтер үлестіру кезінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға басымдық беруді тапсырды.

Айта кетейік, Абай облысындағы 137 бастауыш партия ұйымында «AMANAT» партиясының 23 мыңнан астам мүшесі бар.

ЕҢ НАШАР 11 ЖАТАҚХАНАНЫ АНЫҚТАДЫ

«AMANAT» партиясының баспасөз орталығында студенттік жатақханалардың жаңа оқу жылына дайындығы мәселесі талқыланды. Оған партия жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев және студенттік омбудсмен Айсұлу Ерниязова қатысты.

«Жастар Рухының» төрағасы Нұржан Жетпісбаевтың айтуынша, кейінгі 3 жылда партия мен жастар қанаты студенттердің жатын орны мәселесін жүйелі көтеріп, шешіп келеді. Студенттердің өмір сүру жағдайын жақсарту мәселесі – партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында қамтылған негізгі басымдықтардың бірі.

«Ел жастарының басым бөлігі – студенттер. Бүгінде олардың саны 1 милионнан асады. Партияның сайлауалды бастамаларын жүзеге асыру аясында сұранысқа ие бағыттар бойынша жоғары білім алуға арналған гранттар саны 2025 жылға қарай 1,5 есе өседі. Сонымен қатар партияның сайлауалды бастамалары жастарға жатақхана жетіспеушілігі мәселесін де қамтыды. 2027 жылға дейін жыл сайын ел аумағындағы жатақханаларда 10 мың төсек-орын қалыптастыру жоспарлануда», – деді жастар қанатының төрағасы.

Орын тапшылығы мәселесінен бөлек, жыл сайын тамыз-қыркүйек айларында жатақханалардың санитарлық нормаларға сай келмеуі проблемасы шиеленісе түседі. Осы мәселелердің алдын алу мақсатында жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында жастар қанаты ел аумағындағы барлық жатақханаға мониторинг жүргізеді.

«14 тамыздан бері жастар қанаты депутаттық корпуспен, жастарды қолдау кеңесінің мүшелерімен, жергілікті атқарушы органдармен, өңірлік Төтенше жағдайлар департаментімен және жастар ұйымдарымен бірге ел аумағындағы ЖОО мен ТжКБ жатақханаларына жаппай мониторинг жүргізіп жатыр. Осы уақыт аралығында білім ордалары мен колледждердің 237 жатақханасы тексерілді. Жоғары оқу орындарындағы жатақханалардың 70-і – жақсы, 39-ы – орташа жағдайда. 2 жатақханада құрылыс жұмысы жүргізіліп жатыр. Ал колледждердегі 126 жатақхананың 75-і – жақсы, 36-сы – орташа, 13-і – нашар жағдайда. 2 жатақханада құрылыс жұмысы жүріп жатыр. Апта соңына дейін тағы 426 жатақхана тексеріледі», – деді Нұржан Жетпісбаев.

Мониторинг барысында 11 жатақханада санитарлық және қауіпсіздік нормаларының сақталмауы, су крандарының жұмыс істемейтіні, сынық кафельдер, оқу залдарының өз мақсатында пайдаланылмауы, студенттердің бос уақытын тиімді өткізуге арналған орындардың болмауы анықталды. Олардың арасында «С.Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжі», «Петропавл жоғары құрылыс-экономикалық колледжі», «Теміртау кәсіптік-техникалық колледжі», «Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті», «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты» және өзге де жоғары оқу орындары мен колледждердің жатақханалары бар.

Сондай-ақ партияның баспасөз алаңында студенттік омбудсмен Айсұлу Ерниязова сөз сөйлеп, атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

«Омбудсмен институты Ғылым және жоғары білім министрінің бастамасымен 2022 жылы қыркүйекте құрылды. Студенттердің құқығы жөніндегі уәкіл білім алушылардың құқығын қорғаумен, олардың мүддесін ілгерілетумен айналысады. Бұл институтты енгізудің уақыты жеткені мен қажеттілігін көрсеткен бірінші жағдай – жыл басында жатақханаларды бөлу кезіндегі дағдарыс. Көп жағдайда студенттер өз құқығының бұзылғанын айтып, шағымданудан жасқанады. Сондықтан біз барлық аймақта жауапты омбудсмендерді бекіттік. Олар өңірлердегі студенттерге толық қамқорлық жасап, партияның жастар қанатымен бірге жатақханаларда мониторинг жүргізу жұмысына белсенді араласады. Бірлесіп студенттердің құқығын қорғаймыз, олардың талаптілегін орындаймыз деген сенімдімін», – деді омбудсмен.

Еске сала кетейік, жатақханаларда мониторинг жүргізу жұмысы ел аумағында қарқынды жүріп жатыр. Бүгін бұл жұмыс елордада басталады. Жастарды кеңінен қамту, сондай-ақ студенттерге қатысты құқықбұзушылықтарды немесе жатақханалардың норма сәйкес келмеуін анықтау үшін арнайы жедел желі іске қосылды. Әрбір қазақстандық студент келесі нөмірлер бойынша өз өтініш-тілегімен жүгіне алады:

Студентік омбудсмен: instagram: @aisulu818

Ғылым және жоғары білім министрлігіндегі ахуалдық орталық – Call-центр +77002551443.

«Жастар Рухы»: +7 776 558 4439 (watsapp), немесе Instagram әлеуметтік желісіндегі @jastar_ruhy аккаунты.

ДЕПУТАТТАР – ӨҢІРЛЕРДЕ

(Басы 1-бетте)

Мәжілісменнің айтуынша, облыс бойынша ауданның білім бөлімдері оқуға 100 пайыз дайын екенін жеткізді. Бірақ кей жерлер 2-3 айға дейін кешігетінін айтты. Бұл мәселені жергілікті атқарушы билік қолға алмақ.

Айта кетейік, Талғар ауданында үш ауысымды мектеп мәселесі өзектілігін жойған жоқ. Жаңа оқу жылында 43 мектептің бесеуі үш ауысымда оқытуды жалғастырады. Жалпы, облыста үш ауысыммен оқытатын 51 мектеп бар. Партияның Сайлауалды бағдарламасы аясында осы мәселені жою үшін бес жылда 53 жаңа мектептің құрылысы жоспарланған. Ал 39 білім беру нысанында сапалы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Еркін Әбіл мен Екатерина Смышляеваның Қостанай облысында жұмыс сапары жалғасуда. Бүгін олар мектеп жасындағы балаларға арналған смарт-орталықтың жұмысымен танысып, басқа да нысандарды аралады. «Юбилейный» шағынауданында салынып жатқан смарт-орталық осы өңірдің Жол картасына енгізілген. Ол 600-ден астам оқушыға арналған. Мұнда робототехника және бағдарламалау кабинеттерін, киберспорт залы, ландшафты дизайн студиясы және басқа да бағыттар бойынша зертханалар ашу жоспарланған.

– Орталық тек білім алатын орын емес, балалардың жеке әлеуетін ашуға, қабілетін дамытуға, талантын анықтауға арналған алаң. Қостанайда мұндай нысанның салынып жатқаны және оның жақын арада іске қосылатыны қуантады, – деді депутат Еркін Әбіл.

Смарт-орталықтың жалпы ауданы 12 мың шаршы метрден асады. Оның айналасы балаларға, жастарға арналған спорт алаңдарымен, жасыл желекпен, үш субұрқақпен абаттандырылады. Сонымен қатар мәжілісмендер Tele2/Altel ұялы байланыс операторларының 5G жаңа буынының базалық байланыс стансасына барды. Облыстық Ақпараттандыру басқармасының басшысы Азамат Қашиев депутаттарды жақында іске қосылған жаңа байланыс мұнарасымен таныстырды. Енді қалада Tele2 және Altel ұялы байланыс пайдаланушылары үшін 5G байланысы қолжетімді.

Бұдан кейін Қостанай облысындағы ауылдарды байланыспен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесу өтті. Жиынға Мәжіліс және облыстық мәслихат депутаттары, Ақпараттандыру басқармасының өкілдері, сондай-ақ ұялы байланыс операторлары қатысты.

– Халықты сапалы байланыспен қамтамасыз ету – әрдайым маңызды мәселе. Әріптестерімізбен облыстың аудандары мен ауылдарын аралаймыз, халықпен кездесеміз. Сонда жиі қойылатын сұрақтардың бірі – шалғай елді мекендерді интернет және тұрақты байланыспен қамтамасыз ету. Қазір бұл бағытта белсенді жұмыс атқарылып жатыр. 2025 жылға дейін біз облыстың барлық ауылдарын интернетпен және байланыспен қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз. Бұған өткен шақырылымда депутаттар қабылдаған заңнамалық түзетулер ықпал етеді, – деді Екатерина Смышляева.

Мәжіліс депутаттарының жұмыс сапары 25 тамызға дейін жалғасады. Халық қалаулылары шалғай ауылдарды, проблемалық нысандар мен өндірістерді аралауды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ Сыр өңіріне сапары барысында Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мұрат Әбенов Шиелі ауданы тұрғындарымен кездесіп, сайлауалды бағдарламаның жүзеге асу барысымен танысты. Қабылданып жатқан заң жобаларын түсіндірді.

Депутатпен кездесуге жүзден астам азамат келді. Олар балаларды мектепке даярлауға берілетін қаржылай көмектің әділ бөлінбеуі, көпбалалы отбасынан шыққан және әлеуметтік аз қамтылған балаларды мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету, медицина саласындағы әлеуметтік қызметкерлердің, психологтердің жалақысының төмендігі, білім беру форматының өзгеруі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударып отырған қаржыны тиімді пайдалану жөнінде ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Мәселен, ауыл тұрғыны Айнагүл Заирова бала күтіміне орай екі немересін мектепке даярлауға берілетін 40 мың теңгені ала алмай отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, қызы үш баласымен қолында отыр, екеуі мектепте оқиды.

– Осы балаларға көмек алу үшін құжат өткізсек, менің және атасының бір айлық табысын есептеп, көрсеткіштен асып тұр, сол себепті сізге берілмейді деген жауап келді. Балалар менің қамқорлығымда емес қой. Бұл – бөлек отбасы. Неге ата-әжесінің табысы есептелуі керек. Әлеуметтік жағдайы неге ескерілмейді? Оқушыларға мектепке дайындыққа берілетін 40 мың теңге әділ тағайындалса, – деді ол.

Азаматтардың пікірін назарға алған Мұрат Әбенов бұл мәселелер бойынша тиісті министрліктерге ұсыныс беретінін айтты.

– Барлық ауылда халықпен кездескенде көтерілетін мәселелер бірдей. Ол – медициналық қызметтің сапасы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысы. Халық қорға ақшасын төлейді, бірақ орнына алып жатқан сапалы қызметі жоқ. Екінші мәселе – балаларға берілетін мектептегі ыстық тамаққа бөлінетін қаржы көлемінің әр алуандығы. Мәселен, бір ауылда бір балаға күніне тамақ ішуге 200 теңге, енді бір ауылда 400 теңге қарастырылған. Астана мен Алматыда 800 теңге, ал Назарбаев зияткерлік мектебінде 2000 теңге деген реніштер айтылып жатыр. Әрине, бұл өте орынды деп есептеймін. Себебі мемлекет тарапынан барлық балаға бірдей жағдай жасалуы керек. Сондықтан біз Парламент қабырғасында бұл мәселе бойынша тиісті министрліктерге стандарттар енгізу жөнінде ұсыныс беретін боламыз, – деді Мұрат Әбенов.

Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская жұмыс сапарымен Егіндікөл ауылына барды. Алты айдан бері ауыл тұрғындарының басты проблемасына айналған ауызсу тапшылығы жөнінде аудандық мәслихаттағы «AMANAT» фракциясының депутаттарымен, аудан басшыларымен кездесіп, жұмыс жоспарын талқылады.

Нұра топтық су құбыры 15 тұрғыны бар 24 елді мекенді сумен қамтамасыз етеді. Қорғалжын ауданының аумағы арқылы өтетін су құбырының жиі бұзылуына байланысты 3 сәуірден бастап Қоржынкөл және Бауман ауылдарында ауызсу тапшылығы сезіліп отыр. Сондықтан 2 маусымда Егіндікөл ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланған болатын.

– Су құбырының 90 пайызының тозығы жеткен. Тіпті, басқа да жерлерде су жиі тоқтап қалады. Жыл басынан бері су құбырында 79 апат тіркеліп, жекелеген учаскелерде су шығыны 70-80 пайызға жетті. Елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету үшін магистралды желілердің зақымдалған учаскелерін толық ауыстырып, су құбырын жаңарту қажет, – деді Егіндікөл ауданының әкімі Ерлан Мұхамедин.

Депутат су шығару үшін қазылған құдықтарды да көріп шықты. Тұщы су алу мақсатымен қазылған құдықтардан әлі де таза су шықпай тұр. Бүгінгі күні Егіндікөл ауданы әкімдігі халыққа, оның ішінде әлеуметтік нысандарға және басқа да мекемелерге су жеткізіп беріп жатыр.

– Бұл жайт Парламент Мәжілісінің және «AMANAT» партиясының назарында. Сондықтан алдағы сессияда бұл маңызды мәселені көтеріп, шешу жолын қарастыратын боламыз, – деді Ю.Кучинская.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ – КЕЗЕКТІ БРИФИНГ

Сайлауалды бағдарламалар орындалып жатыр ма? Халықтық мәселелердің шешімін табу үшін депутаттардың жұмысы қай деңгейде жүріп жатыр? Осы сұрақтарға жауап беру мақсатында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы әр апта сайын жергілікті мәслихат депутаттарымен брифинг ұйымдастыруда.

Бұл жолы журналистер Түркістан облысы мәслихатының депутаттары Бегімбет Байғараев пен Мағауия Тұрысбековпен кездесіп, сауал жолдады. Депутаттар алдымен өздеріне жүктелген мәселелер бойынша баяндама жасап, атқарылған жұмыстарына есеп берді. Одан соң Созақ ауданынан сайланған депутаттарға БАҚ өкілдері теріскейдегі проблемалар бойынша сауал жолдады. Ауданда көгілдір газ – ең бір өзекті проблема. Табиғи газдың жоқтығынан бұл аймақта сексеуіл қоры азайып барады. «Қазір аудан жұртын газдандыру ісі бойынша нақты іс-шаралар жүріп жатыр. Бұйыртса, келер жылы тұрғындар көгілдір газға қосылады», – деді депутаттар.

Сондай-ақ 5 елді мекенге сапалы ауызсу тарту үшін 2 млрд 800 млн теңге қаржы қарастырылған. Бұл қаражатқа Қарабұлақ, Балдысу, Басбұлақ, Сызған және Саржаз елді мекендеріне тіршілік нәрі жеткізіледі деп күтілуде. Жол азабын жүрген біледі демекші, Құмкент – Шолаққорған тасжолы күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Келер жылы жол құрылысы аяқталып, жолаушылар жол азабынан құтылады. Жалпы, Түркістан облыстық мәслихаты биыл 4 сессия өткізген. Айта кетейік, алдағы уақытта да барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының баспасөз мәжілісі кестеге сәйкес жалғасатын болады.

БАСПАНАҒА ӘРКІМНІҢ БАР ТАЛАСЫ

Тұрғын үй нарығында күнде өзгеріс. Ірі қалаларда іргетасы құйылып, жан-жағы қоршалып, қарқынды салынып жатқан құрылыс ғимараттары көп болғанымен, халықтың баспанаға қол жеткізуі қиындап кетті. Бұған мемлекет тарапынан тиімді ипотекалық бағдарламалардың қарастырылмағаны да, екінші деңгейлі банктер ұсынған ипотека пайызының қымбат болуы да әсер етіп отыр.

Көктем ҚАРҚЫН

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Биылдан бастап «7-20-25» бағдарламасын қаржыландыруға лимит енгізілді. Осылайша, бағдарламаға жылына 100 млрд теңге бөлінеді. Тиісінше, әділдік қағидатын сақтау үшін «7-20-25» ипотекасын тек бір рет алуға болады. Яғни, бұған дейін «7-20-25»-пен баспана алған адам енді бұл бағдарламаға қатыса алмайды. Дегенмен бағдарлама аясында бір жылға берілетін 100 млрд теңге нарыққа анау айтқандай әсер ете алмайды. Сәйкесінше, «7-20-25»-пен жалпыға үй алу қиындап кетті. Ал құрылыс компаниялары дайын баспаналарын сату үшін екінші деңгейлі банктермен бірігіп, халыққа түрлі ипотека ұсынуда. Бірақ олардың пайыздық мөлшерлемесі қымбат. Осылайша, сұраныс азайғаннан кейін еліміз бойынша тұрғын үй бағасы да ай санап арзандауда. Айталық, қазір екінші деңгейлі нарықтағы баспана бағасы арзандап жатыр. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бағаның төмендеуі, әсіресе соңғы 4 айда байқалады. Екінші деңгейлі нарықтағы тұрғын үй 3,7% пайызға арзандап, әр шаршы метрі қазір 494 мың теңге тұрады. Баға Астана, Алматы, Көкшетау, Өскемен және Қостанай қалаларында төмендеген. Ал басқа өңірлерлерде әзірге өзгеріс жоқ. Енді салынып жатқан тұрғын үйлер де арзандапты. Алайда 0,1 пайызға ғана. Қазір оның орташа шаршы метрі – 486 мың теңге. Дегенмен баспана бағасы төмендегенімен, халықтың баспана алуына кедергі көп.

АЗ ҚАМТЫЛҒАНДАРҒА БАСТАПҚЫ ЖАРНА ТАБУ ҚИЫН

Айталық, жыл сайын мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана ала алатын осал топтардың тек 1,6 пайызын ғана үйлі болады. Жақында депутаттар «Шаңырақ», «Бақытты отбасы» бағдарламаларындағы бастапқы жарнаны жеңілдету бойынша бастама көтерді.

– Елде әлеуметтік мұқтаж отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалардың бар екені белгілі. Алайда оларды іске асыру көптеген себеп бойынша қиын өтеді. Яғни, кезекте ұзақ тұру, оның жылдар бойы жылжымауы, қаржыландырудың шектелуіне, салынып жатқан тұрғын үйдің жетіспеуіне қатысты мәселелер бар, – дейді Мәжіліс депутаты Г.Танашева.

Оның айтуынша, «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 2019 жылдан 2022 жыл аралығында 14 938 несие, «Шаңырақ» бағдарламасы аясында 2020 жылдан 2022 жыл аралығында 19 394 несие берілген. Елімізде халық санының қарқынды өсуі жағдайында несие бөлудің бұл көрсеткіштері өте төмен.

– 2023 жылға «Бақытты отбасы» бағдарламасына 3 176 өтінішке, «Шаңырақ» бағдарламасына 3 610 өтінішке 71,9 млрд теңге бөлінді. Бұл баспана кезегінде тұрған 415 700 адамның биыл тек 6 786 өтініші мақұлданады деген сөз. Бұл тек 1,6 пайызын құрап отыр. Халықтың әлеуметтік осал санаттарын тиісті баспанамен қамтамасыз ету үшін қолданыстағы ипотекалық бағдарламаларды қайта қарау қажет, – деді депутат.

Оның сөзіне қарағанда, «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламалары бойынша бастапқы жарнаны міндетті шарттардан алып тастау керек немесе үш санатқа (көпбалалы, толық емес отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға) тұрғын үй сертификатын беруді қамтамасыз ету қажет. Бастапқы жарнаны төлемей, баспана алудың баламалы тетіктерін енгізуді қарастыру маңызды. Сондай-ақ «Бақытты отбасы» бағдарламасына толық емес отбасыларды қосу керек. Ипотекалық несие беру шарттарын қайта қарап, аталған санаттағы отбасылар үшін тиісті жағдай жасау маңызды.

ЖАРНАСЫЗ ИПОТЕКА ЖАҚСЫЛЫҚҚА АПАРМАЙДЫ

Алайда тұрғын үй сарапшылары депутаттардың бұл пікірімен келіспеді. Себебі «Шаңырақ» және «Бақытты отбасы» бағдарламалары нақты бір әлеуметтік топқа арналған. Сондықтан мемлекет ипотека бергенде бастапқы жарна арқылы осал топтардың ипотека төлеу қабілеттерін тексереді.

– Менің ойымша, мемлекеттің тұрғын үй саясаты тек әлеуметтік аз қамтылған, көмекке мұқтаж жандарға бағытталуы керек. Халықтың бәріне бірдей емес. Өйткені мемлекет баспана бойынша азаматтардың барлығына бірдей көмектесе бастаса, нарық өзгеріске ұшырап кетеді. Мұны бұрын да байқағанбыз. Ол кезде үй бағалары ипотекалық бағдарламалардың артықшылықтарын жуып-шайып тастайтындай өсіп кетті. 0 пайызбен ипотека берсе де, үй бағалары тым жоғары болады. Сондықтан мемлекеттің бөлген жеңілдіктің барлығы құрылыс компаниясының қалтасына кетіп жатыр. Сол себепті мемлекет аз қамтылған топтарға ғана көмектесуі керек, – дейді тұрғын үй сарапшысы Айбар Олжаев.

Оның айтуынша, қазіргі нарықтық жағдайда «Шаңырақ» және «Бақытты отбасы» бағдарламаларының шарттары жеңіл.

– Бұдан артық бағдарламаны қалай жеңілдетуге болатынын білмеймін. Себебі ипотеканың өзі «қайтаруы керек» деген мағынада белгіленген. Аз қамтылған отбасы 10 пайыз болса да бастапқы жарнасын өз қалтасынан шығаруы керек. Сонда ай сайын төлейтін жүктемесі аз болады және бұл – мемлекетке сол отбасының ипотеканы қайтаруға мүмкіндігі бар ма екенін тексеретін жүйе. Сондықтан экономист ретінде атаулы бағдарламадан бастапқы жарнаны алып тастауды қолдамаймын. Бұл бізде дефолтты жағдайларды көп туғызады. Алғашқы жарнаны жинай алмайтын отбасылардың барлығына ипотека берсе, олар кейін төлей алмайды. Сондықтан алғашқы жарнаны қалдыру керек, – дейді Айбар Олжаев.

ОТБАСЫ БАНКТІҢ ОЙЛАҒАНЫ НЕ?

Халыққа үй алудың ең тиімді жолын Отбасы банкі ұсынатын еді. Бірақ мамыр айынан бастап Отбасы банкінен ипотеканы кем дегенде үш ай депозитте ақша жинағандар ғана ала алады. Яғни, бұрынғыдай 50/ 50 немесе 30/70 бағдарламалары аясында бірден жарна құйып, баспана алу мүмкін емес. Әрі осы жаңа өзгерістер аясында несие мөлшерлемесінің пайызы да төмендетілмек. Бұрын несие мөлшерлемелері жылына 7 пайыздан 11,5 пайыз аралығында болған. Енді бұл шек 6 пайыздан 10 пайызға дейін төмендейді. Мөлшерлеме депозитте жинақтау мерзіміне және оны толтыруға байланысты болады. Айта кету керек, бұрын депозитте жинақ ақшасы жоқ клиенттер Отбасы банкіндегі жинақ шотына тұрғын үй құнының 50 пайызын салса, бағалау көрсеткішінің мәніне қарамастан бірден 11,5 пайыз мөлшерлемемен аралық несие алатын. Бұдан былай ипотека рәсімдеу үшін ең төменгі бағалау көрсеткіші (ОП) 2,5 болуы керек. Яғни, банк дерегінше, енді азаматтар арнайы есепшот ашып, ондағы бағалау көрсеткішін тиісті межеге жеткізуге тиіс. Содан кейін ғана несие рәсімдей алады.

– Бағалау көрсеткіші 2,5 болу үшін тұрғын үй құнының 50 пайыз мөлшерінде депозит толықтырылған кезден бастап 3 ай өтуі керек. Содан кейін банк максималды мөлшерлеме бойынша 10 пайызбен несие береді. Ал 30/70 бағдарламасы аясында бағалау көрсеткіші 3,3-ке жетуге тиіс, – деп айтылған банк ақпаратында.

Бұл өзгерістер тек ипотека емес, банктің нарықтық бағдарламалары – бастапқы және қайталама тұрғын үй сатып алу, жер учаскесін сатып алу, тұрғын үйді жөндеу және жаңғырту мен құрылысына да қатысты екені айтылады.

Жалпы, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Отбасы банк барлығы 79 872 несие берген, оның 68 пайызы – осы 50 пайыз жарна арқылы берілген аралық қарыздар. Отбасы банк тамыз айынан бастап тағы жаңа өзгерістер енгізді. Банк депозитті сату қызметін тоқтатты. Яғни, бұдан былай кез келген адам қолма-қол ақшасына дайын депозит сатып алып, арзан пайызбен үй ала алмайды. Демек, жеңілдетілген пайызбен баспаналы болу мүмкіндігінен айырылады. Экономист, қаржы сарапшысы Андрей Чеботаревтың айтуынша, бұл – тұрғын үй нарығын реттеудің тиімді жолы.

– Қазір халыққа мемлекет тарапынан тиімді ипотекалық бағдарлама жоқ. Бұл дұрыс, себебі нарық енді өзін-өзі реттейді. Ал бүгінде тиімді ипотекалық бағдарлама Отбасы банктікі. Бірақ енді банкке ақша салып, бірден үй ала алмайсыз. Жаңа ережелерге сәйкес кем дегенде 3 ай шотыңызда ақша жиналып тұруы керек. Сонда ғана банк сізге ипотекалық несие береді. Әрине, халыққа алғашқы жарнасыз, пайызсыз ипотека керек. Бірақ шын мәнінде, халыққа ипотека нарықтық болуы керек. Нарықтық ипотека болса, базалық мөлшерлеме төмендегенде нарықтық пайыздар да төмендейді. Міне, сол кезде бұл ең жақсы ипотека болады, ешқандай бағдарлама қажет емес. Мемлекеттік ипотекалық бағдарлама тек қоғамның әлсіз топтарына арналуы керек. Содан кейін ғана біз нарықты салқындатып, пәтерлер бағасын нарықтық қатынастарға икемдейміз. Ал қазір біз әртүрлі бағдарламаның нәтижесін көріп жатырмыз, – дейді Андрей Чеботарев.

Ал тұрғын үй сарапшысы Айбар Олжаевтың пікірінше, бұл – нарықтың бір жүйеге келгені. Себебі Отбасы банк ішкі тұрғын үй жинақтаушы жүйені іске асырады. Бұл – жабық жүйе. Сырттан ешқандай фактор әсер етпейтіндей жасалған. Бірақ оның өтімділік резервы болуы керек. Белгілі бір ақшаны сала салып, үй ала салу тұрғын үй жинақтау жүйесіне кесірін тигізеді.

– Сондықтан 50 пайыз ақшаны салып, ақша жүйеде жұмыс істегенін біраз күту керек деген талап енгізілді. Артынша депозиттерді сату процесі күшейіп кетті. Бұл енгізілген жүйеге қайшы болды. Сондықтан тек туыстар арасында ғана депозитті біріктіруге болады. Мен банктің бұл қадамын дұрыс деп ойлаймын, – дейді Айбар Олжаев.

Біз сарапшыдан халыққа дәл қазір қандай ипотекамен үй алған тиімді екенін сұрадық.

– Егер әлеуметтік аз қамтылған топқа жатпасаңыз, онда 7-20-25 бағдарламасы тиімді. Құрылыс компаниялар ұсынған бөліп төлеу мерзімі әзірге тым аз болып тұр, банктік ипотека пайызы қымбаттау. Сондықтан жаппай ипотека нарықтық қана болуы керек. Халыққа қаржылық жағдайдың тұрақталып, базалық ставканың төмен түскенін күту керек. Сол кезде банктер беретін ипотеканың пайызы 10 пайыздың айналасында болады. Сонда экономикамыз дұрыс жұмыс істейді. Ал қазір экономикадағы базалық ставка бөлек, ипотеканың өз ставкасы бөлек кезде біздің экономика ешқашан түзелмейді, – дейді Айбар Олжаев.

Ендеше бұл да нарықтық экономикадағы өтпелі шақ. Алда не боларын уақыт көрсетеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ИГІЛІГІ ҚАНДАЙ?

2022 жылы елімізге тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 28 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл рекордты көрсеткіш деуге болады. Ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 17,7 пайызға көп. Бұған дейін мұндай жоғары көрсеткіш тек 2012 жылы тіркелген еді – 28,9 млрд АҚШ доллары. Инвестиция көлемі коронавирус дағдарысы бәсеңдегеннен кейін екінші жыл қатарынан өсім көрсетіп отыр.

Кәмила ЕРКІН

Ұлттық банк мәліметтеріне сүйенсек, 2022 жылы шетелдік инвестициялардың ең көп көлемі, яғни жалпы соманың 43,4 пайызы немесе 12,1 млрд АҚШ доллары тау-кен өнеркәсібіне тиесілі, одан кейінгі орында өңдеу өнеркәсібі (5,6 млрд АҚШ доллары) және сауда секторы (5,1 млрд АҚШ доллары). Бұл үш сала барлық тартылған инвестицияның 81,5 пайызын құрайды.

«Қазақстан халықаралық инвестициялық позициясының деректеріне сәйкес, 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша шетелдік тікелей инвесторлардың үлесіне тиесілі қазақстандық кәсіпорындар капиталының көлемі $169,2 млрд болды. Оның 77%-ы ($129,6 млрд) тау-кен өндіру өнеркәсібіне, оның ішінде 71%-ы ($120,7 млрд) – шикі мұнай мен табиғи газ өндіруге тиесілі. Елдер бойынша шетелдік тікелей инвестиция жалпы ағынының құрылымында Нидерланд (29,7%) алғашқы орында тұр. Одан кейін АҚШ (18,2%), Швейцария (9,9%), Бельгия (5,6%), Ресей Федерациясы (5,4%), Корея Республикасы (Оңтүстік Корея) (5,3%), Қытай (5,1%), Франция (2,7%) және Ұлыбритания (2,4%)» делінген Ұлттық банк талдамасында.

«Тікелей шетелдік инвестициялар қаражаты қозғалысының шынайы көрінісін» көрсету үшін Ұлттық банк өз жарияланымында қайта инвестицияларды есепке алмай, шетелдік тікелей инвестициялардың (ИПИ) таза ағыны туралы мәліметтерді ұсынды.

Бұл тұрғыдан HalykFinance сарапшылары «Қазақстанда соңғы 5 жыл ішінде шетелдік тікелей инвестициялардың тұрақты ағыны байқалатыны анық» деген қорытынды шығарып отыр. Зерттеуде: «Өйткені тікелей шетелдік инвестициялар бойынша статистика жалпы және таза көрініс жарияланатынын атап өту маңызды, алайда Үкімет жоспарлау кезінде нақты көрініс көрсетпесе де, инвестициялардың жалпы ағыны бойынша көрсеткішті пайдаланады. Мысалы, Қазақстанның 2026 жылға дейінгі Инвестициялық саясат тұжырымдамасында екі нысаналы индикатор болса, біріншісі – «негізгі капиталға инвестициялар», екіншісі – «тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны». Жоғарыда айтылғандар жалпылама жағымды көрсеткіштерге қарамастан, елдегі шетелдік инвестициялардың жағдайы теріс екенін және оны талдау өте маңызды нюанстарды ескермейтінін айқын көрсетеді. Біз Ұлттық банктің тікелей шетелдік инвестициялар қаражаты қозғалысының шынайы көрінісі үшін Үкімет қайта инвестициялауды шегергендегі таза ағынға назар аударуы керек деген пікірімен толық келісеміз. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияларға келетін болсақ, 2023 жылғы 1-тоқсанда тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны – $7,6 млрд, инвестициялардың таза ағыны – $2.5 млрд, ал реинвестицияларды шегергендегі таза ағыны $601 млн-ға теріс мәнді. Осылайша, 2023 жылғы 1 тоқсанында шетелдік инвесторлар қаражатының Қазақстаннан кетуі бойынша 5 жылдық теріс үрдіс жалғасып отыр деуге негіз бар» делінген.

Тікелей инвестициялар кез келген елдің экономикасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Инвестициялық қызметтің динамикасы мен шетелдік капитал ағынының көлемі халықтың өмір сүру деңгейінің



өсуіне, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге тікелей әсер етеді. Сондай-ақ елдің жаһандық аренадағы бәсекеге қабілеттілігіне де байланысты. Сондықтан бұл сегментті ынталандыру әсіресе экономикасы дамып келе жатқан елдерде мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылады. Әлемдік экономикаға тиімді интеграциялану үшін инвестициялық процестерді жаһандық реттеу жүйесін ескеру қажет. Тікелей инвестициялар саласындағы заңнамалық база инвестициялық процестің барлық қатысушының мүдделерін қорғауға негізделуі тиіс.

Қазақстанның 2026 жылға дейінгі инвестициялық саясатының тұжырымдамасында инвестициялық заңнаманың жетілмегені инвестициялар тарту тиімділігіне теріс әсер ететіні көрсетілген.

Ел экономикасы үшін кез келген инвестиция маңызды екені сөзсіз, бірақ инвесторлардың кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін инвестициялардың жіктелуі аса маңызды. Өйткені инвестиция түрі мен тәуекел дәрежесі бір-біріне тікелей пропорционалды. Кәсіпкерлік тәуекел дәрежесі жоғары болса, соған сай табыс әкеледі, бұл жалпы ел экономикасына да жағымды әсер етпек. Осыған байланысты мемлекеттің мұндай инвестицияларды қорғауы да жоғары деңгейде болуға тиіс.

«Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде «инвестиция» анықтамасы ғана қамтылған. Жеке капитал ұғымына жеткілікті деңгейде назар аударылған жоқ. Осыны ескере отырып, ең алдымен жеке капитал ұғымын анықтап алу қажет», – дейді сарапшылар.

Әлемдік тәжірибе кәсіпорындарды қаржыландыруда мемлекеттің үлесі болса, елге тікелей инвестицияларды тартуға оң әсер ететінін көрсетті. Мұндай жағдайларда мемлекет жеке, көбіне шетелдік, инвесторлармен бірлесіп инвестицияларды жүзеге асыратын тікелей инвестициялар қорын құрады. Әдетте осы мақсаттар үшін үкіметтер мемлекет атынан жеке капитал қорларын құруға қатысатын арнайы қорлар құрады. Басқаша айтқанда, бұл қорлар ел экономикасына инвестиция салуға дайын инвесторлармен тәуекелдерді «бөліседі». Сондықтан мұндай қордың мәртебесі неғұрлым жоғары болса, инвесторлар соғұрлым белсенді болмақ.

Осы тектес Қазақстан Үкіметі құрылтайшысы болып табылатын Qazaqstan Investment Corporation инвестициялық компаниясының пайдасы 2023 жылдың қаңтар-маусымында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 36,8 есе өсті. QIC аралық қаржылық есептілігінде 2022 жыл қаңтар-маусымдағы 375 млн теңгеден биыл 13,8 млрд теңгеге дейін артты.

Сондай-ақ QIC операциялық кірістері 2022 жылғы қаңтар-маусымдағы 1,8 млрд теңгеден 17 млрд теңгеге дейін өскен, қысқаша айтқанда тоғыз есеге арқан. QIC-тің қаңтар-маусым айларындағы міндеттемелері 56,8 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 2,5 млрд теңгеге артық. Меншікті капитал 21 пайызға, 223,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Жай акциялардың баланстық құны (таза активтер мен акциялар санының арақатынасы) жарты жыл ішінде 3,29 теңгеден 4,17 теңгеге дейін өсті.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша QIC таза пайданы 10 есеге – 1,5 млрд теңгеден 10,6 млрд теңгеге дейін ұлғайтқан. Компанияның меншікті капиталы 8,2% – ға, 176,5 млрд теңгеге дейін, жиынтық активтері – 16,5 млрд теңгеге, 230,7 млрд теңгеге дейін, жиынтық міндеттемелері 54,3 млрд теңгеге дейін өсті. Корпорация қызметінің кеңеюіне 2022 жылы QazTech Ventures және Kazakhstan Project Preparation Fund еншілес компанияларын біріктіруі де әсер еткен. Сонымен қатар QIC Стресстік активтер мен венчурлық қаржыландыру сегментінде, сондай-ақ инфрақұрылымдық активтер нарығында және мемлекеттік-жекеменшік серіктестікте жұмыс істей бастағанын да назардан тыс қалдырмаған жөн.

2023 жылы компания ірі халықаралық инвесторлармен жаңа портфельдік қорлар құруға және өңдеу секторының жобаларын қаржыландыруға ниетті.

EY Global компаниясы 2022 жылы «Қазақстан өңірдегі инвестициялар үшін ең тартымды ел ретінде танылды» деген қорытынды шығарған болатын. Сауалнамаға қатысқан инвесторлардың үштен екісінен астамы (71%) елімізде өз қызметін жүргізіп жатқан кәсіпорындар. Алдағы үш жылда инвестициялау шешіміне оң әсер етуі мүмкін факторлар ретінде инвесторлар саналы тұтыну, өмір сапасы, салаларды қолдау, еңбек өнімділігі және т. б. шараларды атап өткен.

Жалпы алғанда, барлық фактор бес негізгі санатқа жатқызуға болады: цифрлы технологиялар, салық салу, еңбек нарығы, нормативтік-құқықтық база және тұрақты даму. Олардың жұмысы үкімет, компаниялар және тұтынушылар үшін үлкен маңызға ие.

Экономиканың тартымды салалары туралы айтатын болсақ, сауалнамаға қатысқандардың 57%-ы инвестициялардың негізгі бөлігі орта мерзімді перспективада энергетика саласына тиесілі болады деп санайды.

Аймақтағы тағы бір қарқынды дамып келе жатқан сектор – бөлшек сауда мен азық-түлік саласын қамтитын тұтыну тауарлары секторы. Тұтынушылық сектор энергетикалық сектормен бірдей өсім көрсетеді деп сенеді сауалнама қатысушылары. Сондай-ақ респонденттердің 53%-ы инвестициялардың айтарлықтай ағыны алдағы үш жылда осы секторға бағытталады деп болжайды. Ал респонденттердің 42%-ы геосаяси жағдайға байланысты инвестициялық жоспарларына әлі өзгерістер енгізбегенін жеткізген.

Сонымен қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығы саласын қажетті инфрақұрылымдармен қамтамасыз етсе, бұл сектор шикізат өндірісінен кейінгі екінші инвестициялық әлеуеті зор саланың бірі болмақ. Елімізде инвестициялық салада көп өзгеріс енгізілгенін байқауға болады. Бүгінде елімізде шетелдік инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық климат қалыптасқан. Алайда отандық инвесторлардың әлеуетін де біз толық пайдалануымыз қажет екенін ұмытпаған абзал. Алдағы уақытта қазақстандық инвесторлардың да бәсекеге қабілетті болуына жағдай жасалады деп сенеміз.

Ғылым тілінде тасқа жазылған жазулар петроглиф деп аталады. Әлем ғалымдары оның пайда болу кезеңін соңғы палеолиттің кейінгі шағымен байланыстырады.

Петроглифтер – қазақ даласындағы өткен ғасырлардан сыр шертетін ең құнды жәдігерлердің бірі. Дегенмен ұзақ жылдар бойы табиғи апаттан немесе кісі қолынан жойылып бара жатқан мұраларымыздың жайсыз күйін ғалымдар мен белсенді азаматтар талай рет мәселе қылып көтерген болатын. Өн бойына сан ғасырлық сыр бүккен құндылықтарымыздан айырылып қалуымыз мүмкін бе? Еліміз ғасырлар бойғы мәдениеттен сыр шертетін құнды жәдігерлерімізді қаншалықты сақтап, қорғай алып жүр? Мамандар сөйлесін...

Наурызбек САРША

«ТАС КІТАПТАР»

ТАС-ТАЛҚАН БОЛУ АЛДЫНДА ТҰР

Жуырда мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов Қазақстандағы бірегей археологиялық, тарихи орын – Қаратау бөктеріндегі Сауысқандық шатқалында орналасқан еліміздегі ең көне петроглифтерінің қазіргі аянышты күйін жеткізіп, мекенді қорғау жөнінде мәселе көтерді.

«Бұл қасиетті орын Қазақстан аумағындағы көне өркениет орталықтарының бірі болған. Мұны ғалымдар дәлелдеген. 500 гектар аумақта 8-10 мың бейнелер (адамдар, жануарлар, күймелер) тасқа қашалған. Кейбір қашалған суреттер қола дәуіріне – б.з.б. II мыңжылдыққа жатады. Өкінішке орай, бірегей тарихи жәдігер аянышты күйде. Бұл жерге 1 км жақын жерде ванадий өндіретін кәсіпорын орналасқан және жұмыс істеу барысында жарылысты қолданады. Тау жыныстарының құрылымы өте нәзік, табақшалы, кез келген сыртқы әсер петроглифтердің жойылуына алып келуде. Осы қарқынмен кете берсе, шұғыл қорғау шаралары қабылданбаса, 4 мың жыл тарихы бар петроглифтерді 4-5 жылда жоғалтуымыз мүмкін. Аумақ қорғалмаған, қоршалмаған, бақылау және есепке алу жоқ», – деп жазды депутат Facebook парақшасында.

Осы ретте біз аталған мәселе бойынша Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Мәдениет комитетінің Тарихи-мәдени мұра басқармасының басшысы Жанат Сейдалиеваға сұрау салдық. Оның айтуынша, Сауысқандық шатқалындағы петроглифтер Қызылорда облысының Ескерткіштерді қорғау орталығы бақылауындағы орын екен. Ал жартастардағы мұраны сақтап қалу мақсатында Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 27 шілдедегі №598 қаулысымен петроглифтердің қорғау аймақтары бекітіліпті.

«Ескерткіш орналасқан аймақтың төрт жағына күзет аймақтары туралы ақпарат қамтылған және қорғау тақтасы орнатылған. Ескерткіштің іргелес аумағында ванадий өндіретін өндіріс орны жұмыс істейді. Ескерткіш пен өндіріс орны жақын орналасқан, алайда өндіріс аумағы ескерткіштің қорғау аймағынан тыс жерде. Мамандар өндірістің ескерткішке әсеріне бағалау жүргізіп, теріс әсері тимейді деп анықтаған. Сонымен қатар бұл ретте өндірістің мемлекет үшін экономикалық маңызы да ескерілген деп пайымдаймыз», – дейді басқарма басшысы.

Жалпы еліміздегі мәдени-тарихи мекендерді қорғау туралы мәселе көтерген жалғыз Мұрат Әбенов емес. 2021 жылы Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан Алматы-Талдықорған бағытындағы мемлекеттік маңызы бар жолдың бойындағы Арқарлы асуының қос қапталын алып жатқан жақпар тастардағы петроглифтерге қатысты мәселе көтеріп, сол кездегі Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа депутаттық сауал жолдаған болатын.

«Малайсары қыраттарына ұласатын сол сілемдер тұнған тарих. Тастағы суреттерге тіл бітсе, ең кемі 3000 жыл бұрынғы дәуірді көз алдыңызға әкеледі. Ресми орындардан көңіл бөлініп, қызығушылық болмаған соң өңірдегі белсенді азаматтар өздері бас біріктіріп, тарихи тастарды қорғау жөніндегі еріктілер тобын құруға мүдделі. Өйткені Алматы облысы Кербұлақ ауданы аумағындағы Малайсары петроглифтері жойылудың аз-ақ алдында тұр. Тарихи суреттер бедерленген тастарды бизнестік бағытта өз мақсаттарына пайдалануда. Ал жергілікті билік, яғни Сарыбастау ауылдық округі аңғардағы кәсіпорындар заңды түрде мемлекеттік актісін алып, салығын төлеп, жұмыс істеп жатқанын алға тартады. Яғни, асудағы шағын зауыт қиыршық тастар мен тақтатас өндірісімен айналысады. Жедел түрде тиісті шешімдер қабылданбаса, аз уақыттың ішінде тарихи жәдігерлердің күл-талқаны шығып, үгіліп, бабалар тарихы қиыршық тасқа айналады», – деген еді депутат сол жолдаған сауалында. Аталған мәселе бойынша да біз сауал жолдап, мәселе көтерген депутат Жанарбек Әшімжанға хабарластық. Оның айтуынша, жолданған сауалы бойынша мемлекеттік орган Мәдениет министрлігіне, Алматы облыстық әкімдігіне тиісті деңгейде шаралар қабылдауға тапсырмалар берілген. «Ол кезде Алматы облысы бөлінбей тұрған кез еді. Сол Алматы облысының мәдениет басқармасының жанынан және Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының жанынан комиссиялар құрылып, орын алып жатқан заңсыздықтарды көзбен көріп, сол жердегі құрылыс компаниясының іс-әрекеттеріне тоқтау салғызды. Оған үкімет тапсырмасына сәйкес сол өңірдегі әкімдіктер мен басқармалар да күш-қайрат көрсетті. Сонымен қатар Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының шешіміне сәйкес сол жердегі ескерткіштер мемлекеттік қорғауға алынды», – дейді ол.

Ал Алматы облысы жеріндегі Арқарлы петроглифтеріне қатысты мәселе жоқтығын алға тартқан ол бұл аймақта аталған петроглифтер мен өндірістердің аумақтары нақты белгіленген, бір-біріне нұқсан келтірмейтін жағдайда дейді.

«Мәселен, сол аумақтарда орналасқан «Архарлы тас», «Жоламан щебень заводы» атты ұйымдар Алматы облысы әкімдігінің 2006 жылғы 28 желтоқсандағы №123 (кадастрлық нөмірі № 03-260-034-395, 32,4 га) және 2013 жылғы 25 желтоқсандағы №417 (кадастрлық нөмірі № 03-260-034-566, 18,4 га) қаулыларына сәйкес көрсетілген жылдары бөлініп берілген аумақтарда жүргізіліп келген. Алайда осы жылдар ішінде аталған петроглифтерді зерттеп келген атақты ғалымдар аталған өндірістердің петроглифтерге зиян келтіргені жайлы фактілер айтқан емес», – дейді ол.

Біз Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры Ақан Оңғарұлына хабарласып, жалпы еліміздегі петроглифтердің жай-күйі, олардың қорғалуы жөнінде сұрадық. Оның айтуынша, Сауысқандық шатқалындағы петроглифтеріндегі жағдай соңғы он жылдан бері айтылып келе жатқан үлкен мәселелердің бірі ғана.

«Сауысқандық шатқалындағы петроглифтер соңғы 15 жылда табылған еліміздегі ең үлкен тарихи маңызы зор ескерткіштердің біріне жатады. Зейнолла Самашев, Мадияр Елеуов, Сағымбай Мұрғабаев сияқты ғалымдар бастаған археологиялық зерттеулер бұл петроглифтердің құндылығы жағынан Таңбалы петроглифтерінен еш кем еместігін дәлелдеді. Ғалымдар бұл петроглифтерді толығымен зерттеп, сипаттап, ескерткіштерді құжаттап, әрқайсысын қорғау аймақтарын анықтады. Сонымен қатар облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекциясымен жұмыс істеп, сондағы компаниялар басшылығымен кездесіп, бұл ескерткіштердің құндылығы туралы айтқан болатын. Ғалымдар тек ескерткіштердің маңыздылығы мен құндылығын айтып, құжаттарын дайындап береді, ары қарай қорғау мәселесін облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекциясы жүргізеді. Алайда облыстық инспекция бұл жағдайда осалдық танытып отыр. Кезінде Қырымбек Көшербаев әкім болып тұрған кезде облыс әкімдігінің жанында еліміздегі әр сала бойынша жинақталған ғалымдар тобынан арнайы ғылыми-методикалық кеңес болған. Сол кеңесте бұл мәселелер толығымен көтерілген болатын. Өкінішке орай, нәтиже жоқ. Бұл тек қана еліміздегі сан мыңдаған петроглифтердің бір көрінісі ғана. Осындай ерекше қорғауды қажет ететін бұдан да өзге тарихи мекендер жетерлік», – дейді институт директоры.

«АЛТЫННАН ҚЫМБАТ МҰРАЛАРЫМЫЗҒА МӘН БЕРМЕЙМІЗ»

Петроглифтерді ұзақ зерттеген археолог ғалым Зайнолла Самашевтың пікірін білмек болдық. Ғалым да бұл мәселеге жіті назар аударма сақ, құнды тарихи мұралардан айырылып қалу қаупі жоғары екенін айтады.

«Жалпы петроглифтер өзге археологиялық қазбаларға қарағанда анағұрлым айтары көп ескерткіштердің бірі. Біздің елімізде қай жерде алтын шыққа соған ғана назар аударатын жағдайға жеттік. Ал алтыннан да қымбат ескерткіштеріміз құру қаупінде тұр. Петроглифтер – көпсалалы ескерткіштер қатарына жатады. Мұнда көнедегі адамдардың дүниетанымы да, тұрмыс-тіршілігі де, діни наным-сенімі де, мифтік оқиғалар да суреттеледі», – дейді ғалым. Сонымен қатар Зайнолла Самашев кезінде министрліктің қарауында болған бұл ескерткіштер бүгінде өңір-өңірдегі облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекциясы құрамына өтіп, оған сондағы әкімдер жауапты болып, ал әкімдіктер бұған немқұрайлылық танытып отыр дейді. Ғалымның айтуынша, Норвегия, Швеция секілді Скандинавия елдері мемлекеттегі әр ескерткішті мемлекет қазынасы деп санап, алтыннан артық қорғайды екен. Тіпті Франция мемлекетіндегі үңгір ішіндегі осындай петроглифтерді туристік мекенге айналдырып, келушілердің ауызынан бөлінген ауаның әсерінен петроглифтерге зақым тиюі мүмкін деп, ескерткіштердің жасанды көшірмесін жасап, туристерді сонда жібереді екен.

Ғалымның мына мысалынан кейін біздегі жағдайды бір сәт ойланып көрсек... Еуропалықтар петроглифтерді туристердің аузынан шығатын ауадан қорғап жүргенде біз қаншама мыңжылдық тарихы бар құнды ескерткіштерімізді құрылыс материалдарына айналдырып, көне петроглифтерді вандалистердің сурет салып, есімін жазатын шимай парағына айналдырғанымыз өзегімізді өртейді.

ҚАЗАҚСТАН – «ПЕТРОГЛИФТЕР ЕЛІ»

Алаш ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әйгілі «Кесені қолыма алып қарай бердім, Ішінде нахақ көзден жас бар ма деп» деген өлең жолдарын барлығымыз жаттап өстік. Ал тарихшы, мифолог ғалым Зира Наурызбаева тақтатас пен құрылыс қиыршық тастарын көргенде, «бұл тас қай петроглифтен жасалды екен» деген «сырқатқа» шалдыққанын айтады. Себебі еріктілер құрамында көптеген жыл петроглифтерді зерттеп келе жатқан ғалым олардың қазіргі аянышты күйін өз көзімен көріп, бұл салада орны толмас олқылықтар мен заңсыздықтар шаш етектен екенін айтып келеді. Айтуынша, мемлекеттік құзырлы мекемелер осы салаға гранттар мен қаржы бөлуде, оны қорғауға алуға немқұрайлық танытып отыр. «Біз «Петроглифтерді аулаушылар» еріктілер қоғамының үйлестірушісі, журналист Ольга Гумировамен бірге көптеген жерлерді араладық. Петроглифтердің тек елімізге ғана емес, әлемдік тарихқа берері өте көп. Еріктілер осындай тарихи ескерткіштерді есепке қойып, құжаттандырып, ғылым институтындағы археологтарға хабар береді. Бірақ археологтарға бұл қиынға соғады. Себебі петроглифтерді зерттеу бір орнында отырып зерттейтін сала емес. Жүру керек, тау-тастарды, жартастарды аралау керек. Әбігері көп. Көп археологтардың денсаулықтары, аяқтары шыдамай жатады. Еріктілер өз күштерімен демеушілер іздеп, өздері әрекет етуге мәжбүр. Мысалы кезінде танымал қазақстандық петроглиф іздеушісі Ерлан Жағыпаров бастаған арнайы құтқару тобы жұмыс істеді. Сол Ерлан 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасында» қаза тапты. Ағасының аруағы үшін, аяқталмай қалған ісін жалғастыру үшін соның бауыры Нұрлан еріктілерге өз қалтасынан қаражат беріп келеді. Ерлан Жағыпаровты еске алуға арналған халықтық археологиялық экспедицияның қаржысын сол көтерді. Оның өзі еріктілердің жол қаражаты мен бензин пұлына кетеді. Сондықтан мемлекет осындай ауқымды тарихи зерттеулерге қомақты қаражат бөлгені жөн», – дейді ол. Сонымен қатар Зира Наурызбаева вандалистармен күреске бағытталған заңды күшейтіп, «қара археологиямен» айналысатын көмбе қазушылардың ісіне тексеріс керек деп есептейді. Тиісінше, заңда тарихи мұраларды қорғауға алып, есепке тұрғызу мәселелері жеңілдетілгенін қалайды.

«Мәселен, Талдықорғанға өте жақын орналасқан, қаладан 30 шақырым жердегі Ешкіөлместе 15 мың петроглиф бар және 20 шақырым жерде қасиетті орын бар. Бұл құнды жәдігердің табылуына жергілікті мал бағушы Жанат Тұралбай мен талдықорғандық белсенді турист Рафаэль Хизматуллин мұрындық болып, ұйымға хабарласқан. Өкініштісі, үлкен қалаға жақын болған соң, бұл петроглифтер де құруы мүмкін. Сол малшы Жанат Тұрлыбай тарихи мекендер маңынан екі-үш джип көлігімен әлдебіреулердің келіп, жерден әлденелерді қазып алып жатқанын жиі көретінін айтады. Жақын барып сұраса, қолдарында қаруы бар олар малшыға дөрекі түрде дүрсе қоя береді екен. Мысалы, осы «қара археологиямен» айналысушылар не алып, не тапқанын айтып, мемлекетке есеп береді дегенге сену қиын. Тіпті, шет ел асып, сатылып жатпасына кім кепіл?! Осы ретте мемлекет қарауына алу үшін осындай тарихи мекендерді құжаттандыруды қиындатып тастаған. Мәселен, бір петроглифті құжаттандыру үшін екі-үш археолог барып, суретке түсіріп, оған анықтама беріп, оны хатқа түсіру керек. Ал ондай петроглифтер бір жердің өзінде мыңдап саналады. Бір рет солай археологтармен жүргенде олардың аяқтары шыдамай, шаршағанын көрдім, өзімнің де шалдыққанымды сездім. Осындай тарихи мекенді қорғауға алу үшін құжаттандыруды жеңілдетуге болады ғой. Осы ретте Ольга Гумированың қазақ даласында ерте замандардан бүгінге дейін жеткен небір құнды ескерткіштердің сақталуына мемлекеттің назарын аударуға, көптеген тарихи нысандардың құжаттандыруға зор үлесін қосып келе жатқанын айтар едім. Ольганың бір сөзі бар: «Мысыр – «пирамида елі» болса, Қазақстан – «петроглифтер елі» деген. Шет елде жоқтан бар жасаса, бізде барымызды ұқсата алмай отырмыз», – дейді ол.

ВАНДАЛИЗМ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛЫП БАРАДЫ

Ел аумағында ежелгі үңгір суреттерінің қанша шоғыры бар екені нақты белгісіз. Археологтар 1000-ға жуық орынды сипаттап, тіркеген. Ғаламторда шамамен 3 мың деген ақпарат шығады. Бірақ іс жүзінде олар тек үш жерде қорғалған. Бұл Таңбалы ЮНЕСКО мұражай-қорығы, Ақсу-Жабағылы ұлттық паркі, Алтын Емел ұлттық саябағындағы Тайғақ қасиетті орны. Бары – осы. Ал қалған тарихи мекендерді қорғауға алу туралы жыл сайын белсенділердің жанайқайы естіліп жатады. Өнердің көне ескерткіштері Қазақстанның барлық аймақтарында, әсіресе, Жетісу, Баянауыл, Қарқаралы, Маңғыстау, Қаратау, Шыңғыстау, Іле Алатауы, Тарбағатай, Алтай тауларында жиі кездеседі. Осының ішінде ғаламторда жиі көтерілген мәселелерге қысқаша тоқталсақ...

Шығыс Қазақстан облысына қарасты Күршім ауданы Маралды өңіріндегі Алтай тауларында көне ескерткіштер құрып кетудің сәл ғана алдында дейді белсенділер. Сонымен қатар Отар әскери полигоны маңындағы Аққайнар петроглифтеріне қауіп төніп тұр екен. Петроглифтер бетіне әскерилер жазу жазып, бүлдіргені де айтылады.

Сондай-ақ Бәйдібек ауданындағы Боралдай өзенінің жағасында қола дәуіріне жататын көне ескерткіш – петроглифтер бүгінде вандализмнің құрбанына айналған екен. Тарихи ескерткіштен 200 метр арыда «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің аумағы орналасқан. Олар да бұл ескерткіштерді парктің қорғауына алу керектігін айтып, дабыл қағуда. Алайда нәтижесіз. Себебі ол жерлер... біреудің жекеменшігінде екен.

Сонымен қатар Қаратау тауынан 20 км қашықтықта орналасқан Арпаөзен петроглифтері, Шолаққорған, Сауысқандық шоғырлары да, Тараз маңындағы Қарасай петроглифтері де өте ерекше бірегей жәдігер. Алайда олар қорғалмағандықтан, үкімет тарапынан түсіндіру жұмыстары дұрыс жүргізілмейтіндіктен жергілікті халық тастарды тасып әкетіп жатқан көрінеді.

Иә, петроглифтерді вандалдардан аман сақтап қалу мүмкін болмай отыр. Келген туристер арттарынан із қалдыру үшін өз есімдерін, өзге де жазбаларды немесе адам суреттерін тарихи тастардың бетіне қашап салып кетеді екен. Осы ретте белсенділер мәдени мұраны сақтау үшін арнайы қорғалған аумақтар – археопарктер, ұлттық парктер, мемлекеттік және жеке қорықтар құрылу керек деп санайды.

ТҮЙІН:

Петроглифтер мұрасы жағынан Қазақстанға тең келер ел жоқ деуге де болады. Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы шынында да керемет. Бұл ескерткіштер, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған мұрасы – көне заман жайында дерек беретін жәдігерлер. Кезінде Карл Байпақов петроглифтерді «тас кітаптар» деп атаған болатын. Ендеше, осындай көне заман «тас кітаптарын» мемлекет ванади мен вандалидардан қызғыштай қорғамаса, тарихымыз табан асты болып, көз алдымызда жойылуға шақ тұр. Ғалымдар нақты әрекеттер атқарылмаса, таяу жылдары Қазақстан жартас өнерінің 25 пайызын мүлдем жоғалтып алуы бек мүмкін дейді.

Серік БОРАМБАЕВ, *генерал-майор:*

АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІН МҰҚИЯТ ЗЕРДЕЛЕЙМІЗ

Жаһандағы геосаяси ахуал құбылған сайын елдің қорғаныс қабілетін жақсарту өзекті бола түсетіні жасырын емес. Армияның техникалық тұрғыда жарақтандырылуынан бастап, әр сарбаздың әлеуметтік жағдайы, ата-анасының алаңсыз болуына дейін назарда ұстамақ керек. Одан бөлек, әр аймақта аумақтық қорғаныс жүйесін жетілдіру мәселесі тағы бар. Әлемнің көптеген елінің тәжірибесі мен Украинадағы соғыс аумақтық қорғаныс күштерінің рөлі зор екенін көрсетті. Бәлкім, содан да шығар, мемлекет аумақтық қорғанысты жетілдіру, оның құрылымдарын қаржыландыру мен сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстарға бел шеше кіріскен сыңайлы. Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» жаңа заң жобасын әзірлеуді бастады. Бұйыртса, жаңа заң аумақтық қорғаныс жүйесіндегі азды-көпті мәселелерді түбегейлі шешуі мүмкін. Дегенмен оны уақыт көрсете жатар. Ал біз аумақтық қорғаныс саласындағы мәселелер жөнінде Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабы бастығының орынбасары – Аумақтық қорғаныс департаментінің бастығы, генерал-майор Серік Борамбаевқа бірер сұрақ қойып, сұхбаттасқан едік.

– Серік Жақсығалиұлы, «аумақтық қорғаныс әскерлері» – еліміздің қорғаныс жүйесінде өзіндік орны бар құрылым. Бірақ аумақтық қорғаныс күштерін ұйымдастыруды, қаржыландыруды, қызметкерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуді реттейтін арнайы заң жоқ. Бұл олқылықтың орны қашан толады?

–Дәл қазір Қорғаныс министрлігі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» және «Аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдардың жобаларын әзірлеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл заңдар аумақтық қорғаныс саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар заңға тәуелді актілерді дайындау жұмыстары да қатар жүріп жатыр.

– Күні бүгінге дейін аумақтық қорғаныс әскерлерін қаржыландыру қалдық принципіне негізделгендей көрінеді. Мәселен, жергілікті бюджеттерден аумақтық әскерлерге 2022 жылы 384 млн теңге ғана бөлінген. Шындап келсе, мұндай сома еліміздегі барлық аумақтық әскер бөлімшелеріне емес, бір ғана толыққанды әскери құрылымға бөлінсе де артықтық етпес еді. Жағдай неге бұлай қалыптасты деп ойлайсыз?

– Аумақтық қорғаныс біз үшін жаңа бағыт. Жоғарыда айтып өткенімдей, біз аумақтық қорғаныс саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заң жобаларын әзірлеп жатырмыз.

Бұдан бөлек, Президенттің Сайлауалды бағдарламасы бойынша Жол картасын жүзеге асыру шеңберінде Премьер-Министр бекіткен 2024-2028 жылдарға арналған аумақтық қорғанысты дамытудың кешенді жоспары әзірленіп жатқанын айта кету керек.

Қорғаныс министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар аумақтық қорғаныс күштерін қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттен ақшалай қаражат бөлу мәселесі бойынша да келісімге келді.

– Елімізде аумақтық қорғаныс әскерлерінің 20 бөлімшесі орналасқанын білеміз. Төтенше жағдай немесе соғыс режимі жарияланса, бұл бөлімшелердің құрамы резервтегі азаматтармен толықтырылуы керек. Ал резервтегілер даярлығы қаншалықты деңгейде?

– Резервте тұрған Қазақстан азаматтары бұдан бұрын мамандықтары бойынша дайындықтан өткен және Қарулы Күштер қатарында қызмет еткен уақытта бөлімшелердің құрамында үйлестіруден өткен. Резервтегі азаматтардың дайындық деңгейі Қазақстан Қарулы Күштерінде қызмет өткерген немесе Әскери-техникалық мектепті аяқтаған мамандардың дайындық деңгейіне сай келеді.

Жергілікті атқарушы органдардың жоспарына сәйкес Қорғаныс министрлігінің келісімімен әрбір бригадада кемінде жылына екі рет тіркелген құрамның жиындарын өткізіп тұрады.

– Аумақтық қорғаныс әскері бригадалары келісімшарт бойынша жұмыс істейтін қызметшілерінің еңбекақысы елдегі орташа жалақыдан 3 есе аз. Мұны қалай реттейміз? «Өз армияңнан аясаң, өзгенің әскерін асырайсың» дейтін тәмсіл болушы еді...

– Аумақтық қорғаныс бригадалары әскери қызметшілерінің ақшалай үлесі тиісті лауазымдардағы Қазақстан Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің ақшалай үлесіне сәйкес келеді.

Одан басқа, әлеуметтік пакет бар, оған: қызмет өткеру қағидаларында белгіленген мерзімдерде зейнеткерлікке шығу (қатардағы жауынгерден бастап подполковникке дейінгі келісімшарт бойынша әскери қызметшілер 47 жаста, полковникке дейін 55 жаста); екі лауазымдық жалақы көлемінде сауықтыруға арналған жыл сайынғы бірреттік жәрдемақы; тұрғын үйді жалға алғаны үшін ақшалай өтемақы төлеу; белгіленген қамтамасыз ету нормалары бойынша киім-кешекпен қамтамасыз ету; жауынгерлік даярлық бойынша сабақтар өткізген, нарядта қызмет атқарған кезде және өзге де жағдайларда азық-түлікпен қамтамасыз ету; тегін медициналық қамтамасыз ету; өмірін және денсаулығын міндетті мемлекеттік сақтандыру; кәсіби-техникалық, орта арнайы және жоғары білім мекемелерінде білім алу мүмкіндігі; кейбір салық түрлерінен (табыс, әлеуметтік салықтар) толық босатылу; медициналық көрсеткіші бар әскери қызметшілер үшін Қорғаныс министрлігі есебінен санаторлық-курорттық ем және басқа да көптеген жеңілдік кіреді.

– Аумақтық қорғаныс әскерлерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі де төмен. Бұл олқылыққа кім кінәлі? Жергілікті атқарушы органдардың басшылары аумақтық қорғаныс әскерлерінің маңызын дұрыс түсінді ме? Әкімдер мен мәслихаттағы азаматтар бұл құрылымдардың маңызын түсінсе дұрыс қаржы бөлуі керек еді ғой.

– Аумақтық қорғаныс бригадаларын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қару-жарақ, әскери техника және арнайы құралдар бойынша Қорғаныс министрлігі, ал басқа да материалдық құралдардың қорлары бойынша жергілікті бюджет есебінен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Барлығы туралы айта алмаймыз, бірақ бұл мәселе шешілді деп айта аламын.

– «Аумақтық қорғаныс әскері бригадасы» деп ауыз толтырып айтып отырмыз. Бірақ олар толыққанды бригада деңгейіне жеткен жоқ. Бейбіт күнде оларды бригада деңгейіне жеткізіп, резервтегілердің жаттығуларын жиі өткізіп тұрған жөн сияқты. Қалай ойлайсыз?

– Аумақтық қорғаныс бригадасы жабық сипаттағы құжаттармен айқындалған оларға қойылған міндеттерді есепке ала отырып әзірленген штаттар бойынша ұсталады. Тиісінше, басқа міндеттерді орындау үшін арналған бригадаларға сай келуі керек деген дұрыс емес. Біз аумақтық қорғаныс мәселелерінде шет мемлекеттердің тәжірибесін мұқият зерделейміз және оны отандық шарттарымызды есепке ала отырып, Қарулы Күштерге ендіреміз.

– Аумақтық қорғаныс әскерлері бөлімшелері құрылған 2017 жылдан бері аумақтық қорғанысты ұйымдастыру бойынша 2 рет оқу-әдістемелік жиын өтті. Аз емес пе?

– Иә, дұрыс айтасыз. Оқу-әдістемелік жиындар 2022 және 2023 жылдары екі рет өткізілді. Оған әкімдердің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі көмекшілері, өңірлік қолбасшылар, аумақтық әскер бөлімінің басшылары және аумақтық қорғаныс бригадаларының командирлері тартылды.

Алайда оқу-әдістемелік жиындардан бөлек жыл сайын біліктілігін арттыру курстары, аумақтық қорғаныс бригадаларының бөлімшелерін тарта отырып, шартты әскерлердің қатысуымен оқу-жаттығулар, жергілікті атқарушы органдардың жоспарлары бойынша жиындар да өткізіледі. Бүгінде іс жүзінде Қарулы Күштерде барлық оқу-жаттығу аумақтық қорғаныс бригадаларының басқармалары мен бөлімшелерінің қатысуымен өткізіліп тұрады. Аумақтық әскерлердің жауынгерлік даярлық шаралары бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде жарияланып тұрады.

–Қазақстанның аумақтық қорғаныс күштерін жасақтау барысында көптеген елдің тәжірибесі ескерілгенін біледі. Әсіресе, Украина тәжірибесіне назар аударған дұрыс деген ойдамыз. Келісесіз бе?

– Шет мемлекеттердің тәжірибесін мұқият зерделейміз.

– «Қаңтар оқиғасы» кезінде кейбір елді мекен тұрғындары өз ауылын қорғау үшін жасақ құрды. Халықтың осындай бастамаларын құқықтық тұрғыда реттеп, аумақтық қорғаныс жүйесінің құрамдас бөлшегіне айналдыруға бола ма?

– «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» заңның жобасында еріктілер және өзін-өзі қорғау құралымдары туралы нормалар көзделген.

– Елдің қауіпсіздігіне әскерилер ғана жауапты сияқты көрінетін қоғамда өмір сүреміз. Аумақтық қорғаныс жүйесін жетілдіру үшін қатардағы азамат не істеуі керек? Демеушілік жасау, еріктілер, әскери-патриоттық клубтар, түрлі қоғамдық қозғалыс арқылы қолдау көрсету жағын ұйымдастыра аламыз ба?

– Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті».

Қазақстан Республикасының азаматы ең алдымен өзінің Отанын сүюге және патриот болуға тиіс. Азаматтар әскери-патриоттық және өзге де қоғамдық қозғалыстарға қатысады, әрі тиімді жұмыс істеп жатыр.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ардақ СҰЛТАН

СТУДЕНТКЕ ҚАНДАЙ ЖҰМЫС «ЖАРАСАДЫ»?

Студенттік шақ – жастық дәуреннің ең ыстық естеліктерімен таспаланатын кезең. Университет қабырғасындағы төрт жылын білім алуға ғана емес, сабақтан тыс уақытын жұмысқа арнайтындар көп. Қазіргі нарық заманында студент түгілі айлық жалақыға жұмыс істейтін мамандар қаражатын бір айға әрең жеткізеді. Ал студенттердің мәселесі тіптен бөлек. Мемлекет тарапынан берілетін шәкіртақы жалақымен салыстыруға келмейді. Әсіресе, Алматыдай алып шаһарда оқитын студенттер үшін бір шәкіртақымен күн көру мүмкін емес.

Жыл сайын жұмыс іздеуші студенттердің саны ұлғайып келеді. Мәселен, hh.kz сайтына келіп түскен 18 бен 22 жас аралығындағы үміткерлердің түйіндемелері еңбек нарығына студенттердің көбірек араласқанын көрсетеді. Сайттағы деректерге сүйенсек, барлық үміткер түйіндемесінің 34 пайызын студенттер құрап отыр. Былтыр жұмыс іздеуші студенттердің саны 139 пайызға өскен.

Білім іздеп шалғай ауылдан мегаполиске келген студенттер алғашқыда көп нәрседен жетік хабары болма бермейді. Өкініштісі, қалтамды қамдаймын деп жүріп сабаққа ынтасын қашырып алған студенттер де кездеседі. Әлеуметтанушы Меруерт Шынарбекованың сөзінше, біздің студенттер кампуста емес, тікелей нарықта жұмыс істеуіне байланысты олардың апталық жұмыс уақытын белгілеу қиын. Студенттердің аптасына 15 сағаттан артық жұмыс істеуі – жүктеменің артуы мен уақыттың тапшылығы әсерінен оқу үлгерімінің төмендеуіне әкеледі.

– Студенттің сабақ үлгеріміне жұмыстың позитивті немесе негативті ықпалын бағалаудың негізгі факторы – GPA, яғни оқу үлгерімінің орташа коэффициенті. Студенттердің жұмысбастылығы туралы сөз қозғалғанда, кері әсері туралы пікірлер жиі айтылады. Көптеген шетелдік зерттеуге назар аударсақ, жұмыс уақыты аптасына 15 сағаттан көп болған кезде ғана жұмыстың оқуға кері әсері болады. АҚШ білім департаментінің мәліметінше, аптасына 1-15 сағат жұмыс істейтін студенттердің оқу үлгерімі 16 сағаттан көп немесе мүлде жұмыс істемейтін студенттерге қарағанда біршама жақсы, – дейді ол.

Осы тұста ескеретін маңызды жайт – жұмыс түрі. Меруерт Шынарбекованың айтуынша, АҚШ университеттерінің кампусында студенттерге арнайы жұмыс орындары бар. Зерттеу нәтижелерінде кампустағы жұмыс оқу үлгеріміне кедергі келтірмейтіні белгілі болған. Мұнда студенттерге аптасына 15 сағаттан артық жұмыс істеу де қажет емес. Ал отандық ЖОО-ларда студенттерге кампус ішіндегі жұмыс түрі қарастырылмаған. Сондықтан сабаққа аса көп кедергісі тимес үшін маман студенттің қосымша жұмыстардан гөрі мамандығына қатысты кәсіппен айналысу әлдеқайда тиімдірек екенін алға тартты.

– Өз мамандығына жақын жұмыспен айналысудың пайдасы тек қаржылық жағынан емес, білім тұрғысынан да дұрыс болмақ. Мамандық бойынша жұмысқа басты назар аударған жөн. Бұдан студенттің қосымша кәсіби дағдылары қалыптасып, біліктілігі артады. Ал қызмет көрсету саласында, әсіресе бейуақытта апталық жұмыс істеу режимін сақтамау оқуға кері әсер етеді, – дейді әлеуметтанушы.

Қыркүйек айынан бастап бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға артады. Яғни, студент енді ай сайын 41 898 теңге алады. Алайда елімізде шәкіртақы, жәрдемақы, жалақы өскенімен, артынша тұтыну тауарларының бағасы да аспандайды. Студенттер оқу ақысынан бөлек жатақхана, пәтер бағасы үшін қосымша шығынға батады. Одан өзге сабақ уақытындағы күнделікті ішіп-жемі, жолақысы тағы бар. Қаржылық дағдарыс студентті қала кезіп, жұмыс іздеп кетуге мәжбүрлейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Батыржан Жұмаділов трендке айналған салалардың бірі SMM бойынша кәсібін дөңгелетіп отыр. Өзінің айтуынша, бұл салаға аяқ баспай тұрып өзге студенттер секілді жұмыс іздеп, дүкендер мен кафе, сауда орталығын жағалап жүрген:

– Алғаш рет 1-курстан кейін жазда даяшы болып жұмыс істедім. Жалақысы өте төмен болатын. Есімде, алғашқы 1 айлық жалақыма тек концертке 2 адамға билет алдым. 2-курс басталғанда бұл жұмысты оқумен қатар алып жүру қиын болды, группаластарым сату менеджері болуға шақырды. Ол жерде де 2 ай жұмыс істеп, төмен жалақы үшін шығып кеттім. Сол кезде 25 мың теңгеге копирайтинг курсын сатып алдым. Шыны керек, жалғыз копирайтингті оқып жұмысқа тұра саламын деген қате ой болыпты. Нәтиже болмады. Оқумен қатар алып жүретін жұмыс табылмауының себебінен жарты жыл не жұмыссыз, не шәкіртақысыз, ата-анамның ақшасына күн көріп жүрдім. 2-курстан кейін жазда супермаркет желісіне жұмысқа тұрдым. Бұл жұмыс мен үшін сәттілік алып келмеді. Біріншіден, жалақы төмен, айына 80 мың теңге ғана. Екіншіден, басшылардың қызметкерлерге қарым-қатынасы мәз емес. Үшіншіден, моральдық және физикалық тұрғыда шаршатады, – дейді ол.

Осы кезде Батыржанға SMM/Мобилография курсын оқуға ұсыныс түседі. Білім алуға қаражат құйып, тәжірибе арттырудың арқасында Батыржан бүгінде үйде отырып-ақ SMM саласындағы тұрақты жұмысымен айналысады. Тіпті, клиенттер көп жағдайда өздері іздеп табатынын айтады:

– Әрине, қиыншылықтар болды. Бүгінге дейін біраз жерде жұмыс орнын ауыстырдым. SMM-нен бөлек фриланста дизайн, мобилография, дыбыстау салаларында тапсырыс қабылдаймын. Жұмысым көп жағдайда онлайн болғандықтан, сабақ үлгеріміме аса әсер етпейді. Қосымша табысым қажеттіліктерімді толық өтейді. Дегенмен бұл шегі емес, себебі табысың артқан сайын сұранысың да арта береді, – дейді Батыржан.

Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенті Жансая Жұмағазиева – студент болса да болашақ мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген жастардың бірі. Қазір мұғалім ретінде балаларға сабақ береді:

– Ең алғашқы жұмысты арнайы жарнама сайттарынан көріп, хабарласып бардым. Мұғалім ретінде жұмысқа орналастым. Мұғалім болу – бала күнгі арманым. Бастапқы жылдары қиындықтар жиі болатын. Кейде үлгермей, сабақ оқымай келетін кездер болған. Ұстаздардан ескерту алдым. Ал қазір іс-тәжірибенің арқасында және өз жұмысымды жақсы көргендіктен, бұл қателіктерге жол бермеймін. Енді заман ағымына сай жұмыс істеп, қосымша табыс табу керек қой, – деді ол.

Еліміздегі жоғары оқу орындары мен колледждердің басым көпшілігі Алматыда орналасқанын ескерсек, жыл сайын студенттер саны артып, кәсіп іздеушілер қатары көбейе түсетіні анық. Жұмыс істеп, нан табамын деген студент үшін қашанда екі қолға бір күрек табылады. Ең бастысы, студенттің оқу орнына келудегі негізгі миссиясы – білім алуды ұмыт қалдырмаса екен дейміз.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ҚАҢҒЫБАС ИТТЕН ҚАУІП КӨП

Жамбыл облысында жыл басынан бері 2 333 адам итке таланса, оның 1 108-і – 14 жасқа дейінгі балалар. Ал күні кеше Қаратау қаласында 7 жасар баланың бетін ит жұлмалап тастауы талайдың төбе шашын тік тұрғызды. Мұндай жағдайларға кім кінәлі? Итті қарғыбаусыз жіберген тұрғындар ма? Әлде қаңғыбас иттердің санын азайта алмай жатқан құзырлы органдар ма?

Саятхан САТЫЛҒАН

Ең әуелі Қаратау қаласындағы оқиғаға тереңірек үңілсек, 7 жасар баланы ит талап, бет-аузын, екі аяғын қатты жарақаттаған. Бала ауруханаға ес-түссіз күйде жеткізілген. Абырой болғанда, дәрігерлер дер кезінде көмек көрсетіп, балғынды ажалдан арашалап қалды.

«Есін жоғалтқан күйде ауруханаға шұғыл жеткізілген баладан оң жақ бет аймағының ауқымды тістелген және екі аяғының көптеген ашық жарасы анықталып, көп қан кеткендігі белгілі болды. Уақыт күттірмей, аудандық аурухананың бас дәрігерінің емдеу-алдын алу ісі бойынша орынбасары Мұратқали Отыншиев бастаған дәрігерлер тобы шұғыл түрде ота жасауға кірісіп, ашылып кеткен еттің бетін тікті. Отадан басқа, науқасқа құтыруға қарсы вакцина егіліп, антибиотикалық ем қолға алынды. Ота сәтті өтті. Қазір науқас жансақтау бөлімінен хирургия бөліміне ауыстырылған. Жағдайы бірқалыпты жақсарып келеді. Хирургия бөлімінде әрі қарай тиісті ем-домын қабылдауда. Баламен аудандық аурухананың психолог мамандары жұмыс істеп жатыр», – деген ақпарат берді облыстық Денсаулық сақтау басқармасының мамандары.

Кейіннен белгілі болғаны, кәмелеттік жасқа толмаған бала үй ауласында байланып тұрған иттің қасына барып, ойнамақ болған көрінеді. «Сол кезде оны ит талаған» деген қорытындыны Талас аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері шығарды. Сол себепті баланың ата-анасына әкімшілік құқықбұзушылық бойынша хаттама толтырылып, айыппұл салынған.

Жарайды, бұл жағдайда баланы ата-анасы қараусыз қалдырды делік. Алайда Шу ауданында жуырда болған жағдай бүкіл облысты шулатты. «Тоғай» ықшамауданында кәмелеттік жасқа толмаған қыз баланы қаңғыбас иттер талап, жасөспірім ауыр жарақатпен ауруханаға түсті. Қансыраған қызды оқиға орнынан алып кетіп бара жатқандағы түсірілген видео талайдың ет жүрегін сыздатты. Дене жарақатынан ыңырсыған қыздың үні көргендердің көзіне жас үйірткені де рас. Кейін белгілі болғаны көшеде кетіп бара жатқан жасөспірімге бір топ ит шабуыл жасап, жабылып талаған екен. Бұл оқиғадан кейін Шу ауданына облыстан арнайы ветеринария саласының мамандары барып, рейдтік шаралар жүргізді. Алайда аудан тұрғындарының айтуынша, әлі де елді мекендерде адамдарға иттердің шабуылдауы болып тұрады екен.

Биыл сегіз айда 2 333 адамды ит қабу дерегі тіркелсе, айына 291 адам төрт аяқты мақұлықтардан жапа шегіп жатыр деген сөз. Ал ит қапқан 1 108 жасөспірімді зердеге салсақ, онда айына 138 бала итке талануда. Бұл – әрине, алаңдайтын көрсеткіш. Егер айына таланып жатқан 138 баланы тағы 30 күнге шағатын болсақ, онда күнделікті кемі төрт бала қаңғыбас иттердің құрбанына айналып жатқанына көз жеткізуге болады.

Санаға салмақ салған мұндай қорқынышты сандарды алға тартып, адамдарды ит талау фактілерінің алдын алу бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатқанын білмек мақсатта облыстық ветеринария басқармасына қайырылдық.

– «Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды ұйымдастыру функциясы берілген, оны облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринариялық ұйымдар мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларға сәйкес келісімшарт бойынша орындауда.

«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңның талаптарына сәйкес, қаңғыбас иттерді аулау гумандық әдістерді, атап айтқанда, құрық және торларды қолдана отырып жүргізілуде. Ауланған жануарлар қала және аудан әкімдігі тарапынан жалға алынған, уақытша ұстау орындарында ұсталуда.

Барлық аудандарда 2023 жылға панажайлар құрылысын жүргізуге жер телімдері бөлінді. Қазіргі уақытта Мойынқұм, Жуалы, Байзақ, Жамбыл аудандарында уақытша ұстау орындары салынып, құжаттары рәсімделуде.

Қала және аудандық ветеринариялық станцияларының қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау бригадалары халықтан келіп түскен сұраныс және «Жамбыл 109» диспетчерлік орталығына түскен өтініштер бойынша қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жүргізуде. Жыл басынан «Жамбыл 109» диспетчерлік орталығына 3395 өтініш түсіп, оның 3124 өтініші орындалып, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстары жүргізілді. Биыл барлығы 17939 қаңғыбас ит ауланды», – дейді Ветеринария басқармасының мамандары.

Биылға жергілікті бюджеттен қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстауға, егу және зарарсыздандыруға қаражат бөлініп, 325 итке стерилизация және кастрация жасалыпты. 392 ит «Таңба» базасына енгізіліп, 270 ит табиғи мекендеу ортасына жіберілген.

Тағы бір айта кетерлігі, еліміздің «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңының 11-бабына сәйкес, биыл үй жануарларын есепке алу жұмыстары міндетті шара түрінде жүргізілуде. Чиптер, болюстер немесе басқа сәйкестендіру бұйымдары орнатылғаннан кейін жануар туралы мәліметтер «Kezekte.kz» порталы арқылы «Таңба» ақпараттық жүйесіне тегін енгізіледі. ЭЦҚ-кілт арқылы тіркеу жеке және заңды тұлғаларға шектеусіз қолжетімді.

Қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, жануардың иесі иелігіндегі жануарларын ветеринариялық-санитариялық, гигиеналық талаптарды сақтай отырып, асырауға және ұстауға, есепке алуға, уақытылы вакцинация жасатуға, жануарына жауапкершілікпен қарауға және қатыгездік көрсетпеуге, басқа адамдар мен жануарлардың өміріне немесе саулығына қауіп төндірмеу үшін қауіпсіздік шараларын қабылдауға, қоршаған ортаның, қоғамдық орындардың ластануына жол бермеуге және тұқым алу қажет болмаса өз қаражатынан үй жануарларына кастрация немесе стерилизация жасатуға міндеттелген.

Жануарларға жауапсыздықпен қарап немесе қатыгездік көрсетілген жағдайларда ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық Кодексінің» 407-1 бабына сәйкес, қылмыстық белгілері болмаса жеке тұлғаларға 5, лауазымды тұлғаларға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл белгіленген. Бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл екі есеге ұлғайтылады.

Мамандар міндетті тіркеу шаралары үй жануарларын бақылауда ұстауға мүмкіндік тудыратындығына сенімді. Әрі бұл иттердің иелерінің де жауапкершілігін арттыратындығына үмітті. Бірақ мұндай заңнамалық нормалардан әзірге нәтиже шықпай жатқанын статистика көрсетіп тұр.

Жамбыл облысы

МАЛ ҰРЛЫҒЫ МАЗАНЫ ҚАШЫРДЫ

(Басы 1-бетте)

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Соның бірі – облыс орталығымен іргелес қоныстанған Жалағаш кентіндегі мал шаруашылығын өрістетіп отырған қожалық иесі Нұрлан Биманов малдарына қырғидай тиген ұрылардың әрекетінен әбден қажығанын айтады. Бір өзі барымташылардың бассыздығынан жыл сайын ондаған малынан айырылады. Әр қожалық жиі осындай шығынға ұшырап жатқанын ескерсек, жағдайдың қаншалықты қордаланып бара жатқанын бағамдау қиынға соқпайды.

«Ұры алыстан келмейді» деп бекер айтылмаған. Кенттегі келеңсіздіктер – соның айқын дәлелі. Биыл да жыл басынан бері 12 бас малым жоғалды. Ішкі істер органына арыздандым. Бірақ әлі күнге нақты жауап ала алмадым. Өз күшіммен төрт бас малым табылды. Қалғандары ізім-қайым жоқ. Ең болмаса, іздестіру жұмыстарының нәтижесі жайында жауап ала алмай отырғанымызға қынжыламыз», – дейді «Сыр сыйы» шаруа қожалығының өкілі.

Кәсіпкердің айтуынша, ауданда мал ұрлығы толастар емес. Соңғы екі жыл көлемінде 100 бастан астам мал ұрланған. Алайда іс жүргізіліп, күдікті ретінде ұстанған адамдарға ешқандай шара көрілмей тұрғанын атап өтті.

«Мал ұрлығын кәсіпке айналдырғандар бұған дейін төрт түлікті тірідей қолды қылатын. Бүгінде қарумен атып алуға көшіпті. Әсіресе, аңшы мылтығымен ірі қара малдарды жайратып салатындар қатары үдеп барады. Мұндай жағдайдың жиі болуынан өзге шаруашылықтар да жапа шегіп отыр. Көп жағдайда ұрылар құлындарға қол салып жатыр. Мұндай бассыздыққа қалай тосқауыл қоярымызды біле алмай отырмыз», – дейді Нұрлан Биманов.

Ішкі істер органдарынан қайыр болмағандықтан төрт түлігін түлетіп отырған шаруалар облыстық Кәсіпкерлік палатасынан араша сұрап келген. Соған орай бұл мәселе облыстық ауыл-шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы, Полиция департаменті мен өзге де мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен палата жанындағы Агроөнеркәсіп кешені кеңесінің отырысында да қаралыпты. Кеңесте кәсіпкерлер мал ұрлығына қатысты қылмыстардың көп жағдайда ашылмай қалып жатқанына алаңдаушылық білдірген.

Қызылорда облыстық полиция департаментінің мәлімдеуінше, биылғы 7 айда облыс аумағында 36 мал ұрлығы болған. Соған сәйкес, жедел іздестіру шаралары нәтижесінде 13 қылмыскер құрықталыпты. Оның ішінде 5 қылмыстық топ анықталған.

Құқық қорғаушылар тарапынан көп жағдайда ұрылар өрісте қараусыз жүрген малға көз салатынын алға тартады. Сондықтан әрбір шаруа қожалығы иелері төрт түліктерін көзден таса қылмауы тиіс деп санайды.

«Малдың басым бөлігі өрісте, қараусыз жүріп ұрланады. Сондай-ақ азаматтардың малдың жоғалғаны туралы кеш хабарлауынан қылмысты ашу қиындық туғызып жатады. Себебі кеш хабарлауы салдарынан іздестіру жұмыстарын жеңілдететін маңызды айғақтар мен іздер жойылып кетеді. Сонымен қатар мал иелерінің арасында малын құжаттандыру, таңбалау, сырғалау жұмыстары әлі де болса жеткіліксіз. Соның салдарынан осындай келеңсіздіктер орын алып, мал ұрлығын ауыздықтау мүмкін болмай тұр», – деп түсіндірді бұл жайында облыстық полиция департаменті тарапынан.

Қай кезде де қылмыстың өтеуі – жаза. Бұл тұрғыда полиция департаменті мал ұрлығын жасағандарға 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылғанын айтады. Соның негізінде шаруалардың ұсынған әр дәйегіне сәйкес зерттеу жұмыстары жүргізілетінін мәлімдеді.

Ал мал ұрлығынан мазасы қашқан шаруалар болса әрбір қылмыс жіті тексеріліп, кінәлілер лайықты жазасын алса деген талабын қойып отыр.

Қызылорда облысы

Объявление об итогах открытого тендера по закупке товаров «Замена аппаратных комплексов систем агрегатной автоматики RR»

Признать победителем по закупке товаров **«Замена аппаратных комплексов систем агрегатной автоматики RR»** тендерную заявку **ТОО «Richfit International» (РИЧФИТ ИНТЕРНЕШНЛ)** – Республика Казахстан, г.Алматы, ул.Толе Би, 155 а, БИН 130440012291.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

«RR агрегатты автоматика жүйелерінің аппараттық кешендерін ауыстыру» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Толе Би к., 155 а, БСН 130440012291, мекенжайында орналасқан **«Richfit International» ЖШС**-ның тендерлік өтінімі **«RR агрегатты автоматика жүйелерінің аппараттық кешендерін ауыстыру»** қызметтерін сатып алу бойынша жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке товаров «Прочие основные средства (одеяло, покрывало, подушки)»

Признать победителем по закупке товаров «Прочие основные средства (одеяло, покрывало, подушки)» по лотам №1,2,3,5,-6,8,9,10,11,12 – **ИП Мыкыбаева Н.,** Республика Казахстан, Енбекшиказахский район, с. Шелек, ул. Речная, дом 7, БИН 911210400279.

Признать победителем по закупке товаров «Прочие основные средства (одеяло, покрывало, подушки)» №№4,7,13 – **ИП Кажекенова А.,** Республика Казахстан, г. Алматы, Кульджинский тракт, дом 16/35, БИН 961004400595.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50

«Өзге де негізгі құралдар (көрпе, жамылғы, жастық)» тауарларды сатып алу жөніндегі қайтадан ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

№№1,2,3,5,6,8,9,10,11,12 лоттары бойынша – **Мықыбаева Н. ЖК,** Қазақстан Республикасы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Речная көшесі, 7 үй, БСН 911210400279, «Өзге де негізгі құралдар (көрпе, жамылғы, жастықтар)» тауарларын сатып алу бойынша жеңімпаз деп танылсын.

№№4,7,13 лоттары бойынша – **Қажекенова А. ЖК,** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құлжа трактісі, 16/35 үй, БСН 961004400595. «Өзге де негізгі құралдар (көрпе, жамылғы, жастықтар)» тауарларын сатып алу бойынша жеңімпаз деп танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуги «Аутсорсинг и сопровождение информационной системы»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуги «Аутсорсинг и сопровождение информационной системы» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Аутсорсинг және ақпараттық жүйені сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Аутсорсинг және ақпараттық жүйені сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуги «Разработка проектов нормативов предельно допустимых сбросов (ПДС) с формированием пакетов заявок на получение Разрешений на эмиссии в окружающую среду и получением Разрешений на эмиссии в окружающую среду»

Признать победителем по закупке услуги «Разработка проектов нормативов предельно допустимых сбросов (ПДС) с формированием пакетов заявок на получение Разрешений на эмиссии в окружающую среду и получением Разрешений на эмиссии в окружающую среду» по лотам №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №14 тендерную заявку **ТОО «Экосервис-С»:** г. Алматы, Алмалинский район, улица Толе би, дом 202А, офис 408, 050009, БИН 020140000105.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Қоршаған орта эмиссиясына рұқсаттар алуға арналған өтінім пакеттерін қалыптастырумен және Қоршаған орта эмиссиясына арналған рұқсаттарды алумен, шеккі рұқсат етілген шығарындылардың (ШРШ) норматив жобаларын әзірлеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Қоршаған орта эмиссиясына рұқсаттар алуға арналған өтінім пакеттерін қалыптастырумен және Қоршаған орта эмиссиясына арналған рұқсаттарды алумен, шеккі рұқсат етілген шығарындылардың (ШРШ) норматив жобаларын әзірлеу» қызметтерін сатып алудың №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №14 лоттары бойынша тендерлік өтінімі **«Экосервис-С»** ЖШС: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 202А үй, 408 каб., 050009, БСН 020140000105 жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының f-тармағының негізінде Университетімізге қарасты жатақханалар орталығына 400 дана матрасты сатып алу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттеледі.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;

2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-HSBKKZKX, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 04.09.2023 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

ЖЕТІСУ СПОРТЫ ЖЕРГЕ ҚАРАТПАЙ ТҰР

Жетісу облысы спортының даңқы әр кезде де биікте болатын. Қазіргі Алматы және Жетісу облыстары бір әкімшілік басқару аймағы ретінде еліміздегі ең ірі облыстардың бірі болып тұрған жылдары ел намысын қорғайтын ұлттық құрамалардағы үлесіміз де үлкен еді. Олимпиадалар мен әлем чемпионаттарында, құрлықтық, халықаралық додаларда топ жарған дүлдүлдерімізбен жиі мақтанатынбыз. Шеберліктері шыңдалған балуандарымыз, боксшыларымыз, велошабандоздарымыз және басқа да спорт саңлақтары ел намысын қолдан бермейтін.

Болат АБАҒАН

Осынау жылдар бойы қалыптасқан жемісті де жеңісті қарқыннан Жетісу жеке облыс болған бір жылдан астам уақытта да тайған жоқ. Аймақтың ұйымшыл спортшылары жыл басынан бері өздері қатысқан халықаралық және республикалық жарыстарда барлығы 1 380 медаль, яғни 495 алтын, 435 күміс, 450 қола медаль жеңіп алыпты. Әлемдік, құрлықтық бәсекелерде топ жарғандар қатарында да жетісулық жүйріктердің көптеп саналатындығы көңіл қуантады. Сондай жеңімпаздар қатарында жақында ғана 17-19 тамыз күндері Йорданияның Амман қаласында грек-рим күресінен өткен Әлем чемпионатында алтын медаль таққан Исхар Құрбаев та бар екенін айта кеткен жөн.

Облыста спорттың командалық түрлері де дамуда. Жетісу волейболшы қыздарының қарқыны әлі тамаша, жетістігі жоғары. Футболшыларымыз да мүмкіндігінше жерлестерін жерге қаратпауға күш салуда. Кез келген спорт түрінен жетістікке жету үшін жергілікті жерлердегі спорттан дарынды балаларды іздеп тауып, баулу қажет екені айтпаса да түсінікті. Соған сай облыс аудандары мен қалаларында заманауи спорт кешендері көптеп ашылып жатқаны, бұл бағытта мемлекет тарапынан үлкен істер қолға алынып отырғаны қуантады. Сонымен бірге жетісулық жомарт азаматтар да жерлестерінің салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етуіне шамалары жеткенше жағдай жасап, қамқорлық пен қолдау танытып, стадиондар мен спорт кешендерін тарту етуде. Осындай игі істерге қарап отырып, Жетісу спортының жеңісті күндері әлі алда дегің келеді.

Күні кеше Талдықорғандағы Салтанат сарайында Спорт күніне орай өткізілген салтанатты жиында жетісулық жеңімпаз спортшылар мен олардың жаттықтырушылары марапатталды. Өмірлік мұраты ретінде спорт саласын таңдағандардың ел намысын қорғаудағы абыройлы қадамдары көпшілік алдында паш етіліп, еңбектері бағаланды. Атап айтқанда, Мәдениет және спорт министрлігінің «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгілері, сол сияқты аталған министрліктің, Жетісу облысы әкімінің, облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары және басқа да ұйымдардың марапаттары ең мықты спортшылар мен олардың осындай жетістіктерге жеткізген білікті жаттықтырушыларға тапсырылды.

Спортшыларды кәсіби мерекемен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ұлан Рысқұл құттықтады. Оның айтуынша, биыл Әлем және Азия чемпионаттарында облыс спортшылары үлкен жетістіктерге жеткен. Олардың қатарында велоспорттан Әлем чемпионы атанған Евгений Федоров, ауыр атлетикадан Азия чемпионының күміс жүлдегері Карина Горичева, қола медальға ие болған Андас Самарқанов, Азия чемпионатында жеңіл атлетикадан күміс жүлде алған Айана Болатбекқызы, грек-рим күресінен жеңімпаз атанған Диас Қален, велоспорттан Азия чемпионатының чемпиондары Игорь Чжан, Екатерина Удовыкина, Евгения Заам, күні кеше Йордания елінде өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында грек-рим күресінен топ Исхар Құрбаев және басқа да саңлақ спортшылар бар.

> *Аймақтың ұйымшыл спортшылары жыл басынан бері өздері қатысқан халықаралық және республикалық жарыстарда барлығы 1 380 медаль, яғни 495 алтын, 435 күміс, 450 қола медаль жеңіп алыпты.*

Алайда жетістіктерге тоқмейілситін уақыт жоқ. Жетісу спортшыларын келер жылы Париж қаласында өтетін XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына лицензиялар ұтып алу міндеті күтіп тұр. Жолдамасыз қалмаймыз деген үкілі үміт үлкен. Спорт мерекесіне орай өз ойларын ортаға салып, тілектерін білдірген сала ардагерлері мен спортшылар да жеңісті күндердің жалғасатындығына сенімдерін білдірді.

Жалпы қазіргі уақытта облыста 819 дене шынықтыру және спорт ұжымы және 1 715 бірлік спорттық құрылымдар бар. Оларда 262 568 адам спортпен шұғылданады. Бұл көрсеткіш облыс халқының 37,6 пайызын қамтиды. Жыл басынан бері 15 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 85 спорт шебері, 586 спорт шеберіне кандидат және 202 бірінші разрядты спортшы дайындалыпты. 2023 жылы облыста дене шынықтыру және спортты дамытуға бюджеттен 20,5 млрд теңге бөлінген.

Жетісу облысы

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

БҚО-дағы жолдардың сапасы сын көтермейтіні аз айтылып жүрген жоқ. Қазір жергілікті билік осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат тұтып отыр. Биыл аймақта жол салу, жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатқаны – сөзімізге дәлел.

Биыл облыс бойынша «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы, сондай-ақ «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде 79,9 млрд теңге қаржыға 617 шақырымнан астам жолды жөндеуден өткізу жоспарланған. Соның ішінде 150 шақырымдай республикалық жол, 335 шақырымнан астам жергілікті жол, 83 шақырым ауылішілік жол, 47 шақырымдай қалаішілік жолдар жөнделеді деп жоспарланған. Бұл туралы БҚО жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айдар Менеев айтты.

Облыстық және аудандық жолдарға арналып 55 жоба жасақталған. Жоба құны 26,6 млрд теңгені құрайды.

Басқарма басшысының сөзінше, құрылыс материалдарының қымбаттап кетуіне байланысты кейбір жобалар, атап айтсақ, Барбастау – Ақжайық – Индер, Бөрлі – Ақсай – Жымпиты, Чапаево – Жаңақала – Сайхын жол жөндеу жобалары қайта қаралған.

– Бүгінгі таңда Барбастау – Ақжайық – Индер жобасы бойынша құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты түзету жұмыстары аяқталуға жақын. Қалған екеуіне әлі де түзету жүргізілуде, алдағы екі апта ішінде аяқтау күтіліп отыр. Айта кету керек, бүгінде барлық қайта жаңғырту нысандары бойынша жөндеу жұмыстары толығымен қайта жанданды, – деп атап өтті БҚО жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айдар Менеев.

Қала көшелерін жөндеу жұмыстары биыл ерте басталды. Биыл 48 шақырымдай қала көшесін жөндеу жұмысы жоспарланған екен. Бұл бағытта 26 жоба жұмыс істеп жатыр. Жоба құны 7,1 млрд теңгені құрайды.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36; +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының f-тармағының негізінде Университетімізге қарасты Кентау кампусының №4 оқу ғимаратының шатыры жарамсызданып, ішкі бөлмелеріне су өтуіне байланысты ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электронды шот фактура, орындалған жұмыс актілері);
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Мердігер жұмыстың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын құрылыс тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-HSBKKZKX, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы Б. Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 29.08.2023 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4341
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
aikyn.kz.gazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• **Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.**
• **Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.**
• **Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**
• **«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.**

Кезекші редактор –
Наурызбек САРША